



ШӘКЕН ШЫҢЫ

5-БЕТ | МЕРЕЙ



КӨК ТҮТІНГЕ
ТҮНШЫҚҚАНДАР

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕУ
БІР КҮНДІК ІС ЕМЕС

7-БЕТ | СҰХБАТ

“““

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды.

№21
(4609)

Сейсенбі
20 ақпан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елімізде жұмыссыз жастарға арналған «Zhas project» жобасына өтінім қабылдау басталады.

Оның аясында 280 жеңімпаздың әрқайсысына 1 млн теңгенің гранты беріледі. Байқауға қатысуға 18-34 жас аралығындағы жұмыссыз жастар өтінім бере алады. Басты мынадай үш талап бар: үміткер өтінім беріп жатқан өңірде тұрақты немесе уақытша тіркелуі тиіс. Байқауға қатысушы 1 ғана әлеуметтік жобаны ұсына алады. Өтінім беруші 2023 жылғы «Zhas project» жобасының шағын грант иегері болмауы керек.



Биыл еліміздегі колледждерде оқитын 542 мың студенттің шәкіртақысы тағы 50 пайызға өседі. Бұл жағымды жаңалықты Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі таратты.

Орта буын мамандықтарының студенттері қазіргі 31422 теңгенің орнына 41896 теңге шәкіртақы алады. Жұмысшы біліктілігі бар студенттер үшін шәкіртақы 32681 теңгеден 43574 теңгеге дейін өседі. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерге тегін тамақ пен жолақының жеңілдігі сияқты әлеуметтік қолдау көрсетіледі. 542 мың студенттің 344 мыңы тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған.



ҚАРАМАЙ АЯЗҒА, БОРАНҒА...

Елордадағы Триатлон саябағында өткен триатлонға 200-ге жуық әуесқой спортшы қатысты. Сөйтіп, ақпан айындағы аязды күндері триатлоншылар алдымен 2,5 шақырымға жүгірсе, сосын 3 шақырымға велосипед тепті, үшінші жаттығу – 2,5 шақырымға шаңғымен жарысты. Күн аяз болғандықтан, турнир таңғы 9:00-ден 12:00-ге ауыстырылды.

«ОТАУДАН» ПӘТЕР АЛ!

1 наурызда «Отау» жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Бұл туралы «Отбасы банктің» баспасөз қызметі хабарлады.

1 наурыздан 30 сәуірге дейін 18-63 жас аралығындағы қазақстандықтар «Баспана маркет» (otbasybank.kz) порталында бағдарламаға қатысу туралы өтініш жолдай алады. Бұл бағдарламаға «Отбасы банк» салымшылары, оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады. Үміткердің жинақ шотына ең кемі 18 айлық болуы керек. Өтінім беру сәтінде депозиттегі жинақ сомасы


1 млн теңгеден кем болмауы тиіс. Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде соңғы 5 жыл ішінде жылжымайтын мүлік болмауы керек. Астана қаласында тұрақты тіркелген азаматтар ғана өтініш береді. Өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін otbasybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасақталады. Оған ең көп ұпай жинағандар кіреді.



АҚМАРАЛ – ЧЕМПИОН!

Астаналық спортшы пара дзюдодан гран-при жарысының чемпионы атанды.

17-18 ақпанда Германияның Гейдельберг қаласында пара дзюдодан өткен Grand Prix турнирінде Қазақстан қоржынына қос жүлде түсті. Қазақстан пара дзюдо федерациясының мәліметінше, осы жарыста ел намысын 13 ер, 6 әйел спортшы қорғады. Бәсекенің бірінші күні Ақмарал Науатбек J2 санаты бойынша 48 келіге дейінгі салмақта қарсыласқа шақ келтірмей, жеңімпаз атанды.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 483 \$ USD/KZT 448.68 ₸ RUB/KZT 4.85 ¥ CNY/KZT 62.38

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҮКІМЕТ САҒАТЫ ӨТЕДІ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаев Палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар осы аптадағы іс-шараларды талқылады және 22 ақпан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

20 ақпан күні Сенатта Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру аясында «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтеді. Депутаттар министрліктердің, жергілікті атқарушы органдардың және мүдделі тараптардың өкілдерімен бірлесіп, демографиялық жағдайды жақсартудың, көші-қон саласындағы

заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелерін талқылайды. Үкімет сағатына дайындық аясында сенаторлар Солтүстік Қазақстан облысына, бірқатар мемлекеттік ұйымға барып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың демографиялық жағдайды жақсарту жөніндегі тапсырмаларының іске асырылу барысымен танысқанын атап өткен жөн. Алдағы Палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Құжатта бизнес үшін әкімшілік жүктемені азайтуға және кәсіпкерлік қызмет жағдайларын жақсартуға арналған нормалар қарастырылған. Іскерлік белсенділіктің дамуына серпін беру мақсатымен 12 кодекс пен 102 заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Одан бөлек, бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

БИЗНЕС ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ БОЛУЫ ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Экономикаға жаңа импульс беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен терең әріптестік орнатуы қажет» деп атап өтті. Бұл өте маңызды. Себебі кәсіпкерлік таңдаулы азаматтардың еншісі болмауы керек. Яғни ұлттық бизнес жеке-дара адамдардың қолында емес, жаппай халықтың игілінде болуы тиіс.

Адал әрі әділетті ұлттық буржуазияны қалыптастыратын уақыт жетті. Бұл мемлекеттік саясатқа айналуы тиіс. Осы тұрғыда, жаңа Үкіметтің алдындағы басты міндет – елдің, дүйім жұрттың экономикалық белсенділігін арттыру. Халықтың бизнеске, кәсіпке деген қызығушылығын еселеп күшейту. Өйткені бізде әлі күнге дейін бизнесе, жер байлығын игеруде де монополия бар екені анық. Оған дәлел, еліміздің негізгі экономикалық көрсеткіштері 10 компанияның еншісінде, ал ірі салық төлейтіндердің саны одан да аз.

Сондай-ақ еліміздегі 300 мыңға жуық жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуші 2 миллионнан астам азаматтардың басым көпшілігін бизнес кеңістігіне тарту қажет. Біз кәсіпкерлік әлеуеті терең ұлтқа айналуымыз қажет. Материалдық құндылықтарды үнемі жасауға қабілетті ұлттар ғана қарышты даму бағытына түсе алады.

Қазақстан азаматтарының

экономикалық белсенділігін арттыру үшін бизнесті жаңа ашқан тұлғаларға арзанда-тылған несие, жер игеруге жеңілдік, өндірістік технологияларға қолжетімділік жүйесін жасау маңызды. Ескі Қазақстан тұсында, ат төбеліндей топ еліміздің шикізат, қаржы саласына эксплуатация жасап, мемлекеттің жол, темір жолы, коммуникация саласындағы ірі мемлекеттік тендерлерге жөн-жосықсыз ие болып отырған. Қазақстан азаматтары олигархтардың кесірінен «мүмкіндіктер теңсіздігіне» ұшырап отыр. Осы үрдісті тоқтату керек. Мұндай құбылыс еліміздің экономикалық тыныс-тіршілігіне үлес қосып, кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін мыңдаған қарапайым азаматқа өз потенциалын көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Н.Назарбаевтың тұсында қара нарық пен көлеңкелі схемалар арқылы олигарх болғандардың орнына халық мүддесін ұмытпайтын «ұлттық буржуазияны» қалыптастыратын

уақыт жетті. Ол үшін олигархияның экономикалық тамырына балта шауып, Қазақстанда әділ әрі адал кәсіпкерлік жаппай құбылыс болуы керек.

Осы ретте Аманат фракциясы еліміздің ішкі жалпы өнімін арттыру үшін Қазақстанда жаппай кәсіпкерлік дағды қалыптастыру қажет деп есептейді. Ол үшін:

1. Өткен жүйеден мұра болып қалған олигархтардың экономикалық мүддесін қорғауды тию мен оларға лобби жасаушы топтарға тоқтау салу.

2. Ірі тендерлердің әділетті, ашық, жаңа буын бизнесмендердің потенциалын арттыруға бағыттау қажет.

3. Халықта жаппай бизнес дағды қалыптастыру үшін мемлекет саясатын бұру, аудандық, облыстық деңгейде тегін бизнес дағды үйрету курстарын ашып, бизнес ашатын азаматтарға мемлекеттік арзандатылған кредит, жер беру мәселелерін шешу керек.

Ерлан САИРОВ,
Мәжіліс депутаты

КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. Депутаттарға әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда талқылау ұсынылады.

Құжат Мәжіліс депутаттарының бастамасымен Мемлекет басшысының отбасы және тұрмыстағы зорлық-зомбылықты қылмыстық жауапкершілікке тарту және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатандату туралы тапсырмасын

орындау мақсатымен әзірленді. Сонымен қатар ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша заң жобасы да бірінші оқылымда қаралады. Бұл мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету тетіктері мен құралдарын бекітеді және ақпаратқа қол

жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтеді. Сондай-ақ Мәжіліс комитеттері кейбір заңнамалық актілерге оларды Конституция нормаларына сәйкес келтіру туралы және құқық қорғау қызметі туралы заң жобаларын жұмысқа қабылдайды.

НАЗАРДА – ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен инвестициялар тарту жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Сауда және интеграция министрлігі сауда саласындағы инвестицияларды ынталандыруға бағытталған шаралар туралы есеп берді. Оң нәтижелер көрсететін сауда нарығын жаңғыртуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар отырыста 2023 жылы іске асып жатқан инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулы бойынша жұмыс барысы талқыланды. Өткен жылы пул аясында 1,78 трлн теңгеге 298 жоба пайдалануға беріліп, 26,2 мың жұмыс орны құрылды. Инвестициялық пул санын ұлғайтуға және мемлекеттік органдардың іске асыру

мерзімін өзгертпей жұмыс істеу қажетіне ерекше назар аударылды.

Бұдан басқа Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің индустрияландыру картасына жобаларды енгізу рәсімдерін жеңілдету бойынша тәсілдері мақұлданды, денсаулық сақтау, энергетика және жер қойнауын пайдалану саласындағы жеке-леген инвестициялық жобалар

мәселелерін шешу бойынша тапсырмалар берілді.

Өңірлік деңгейде Алматы және Атырау облыстары әкімдіктерінің инвестициялар тарту жөніндегі жұмысы қаралды. Өңірлерге жаңа инвестициялар тарту және жоспарланған жобаларды әрі қарай орнықтыру үшін салаларды әртараптандыруды арттыру қажеттігі атап өтілді.

ОҚЫП-БІЛІП ОТЫРУ – ЗАМАНМЕН БІРГЕ ЖАСАУ

«Ұлт ұстазы» атанған Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтады. ...Газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші» деп жазғаны мәлім.

Кейін заман дамуы мен технологияның өркендеуі арқасында ақпарат саласына радио мен телевидение қосылды. Ал бүгін әлемдік ақпарат көздерін интернетсіз, әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Өйткені заман тынысын шұғыл сездіретін де, жер жүзінен, айшылық алыс жерлерден хабар алдыратын да – бұқаралық коммуникация құралдары. Олардан қол үзген адам жасына қарамай ой-өрісін шектейді, күйбең тіршіліктен аса алмай қалады. Қоғамның әрбір мүшесі, ата-ана, ұстаз, шәкірт, мемлекеттік қызметкер, бизнесмен, қарапайым еңбек адамы, т. б. мәдениеті келіссе, елде қалыптасқан дәстүрлі ақпарат жүйесін тұтынатынына және қандай-тынына сенімдіміз.

Жан-жақты сауаттылыққа, жалпы деңгейге себі тиегін іс – газет-журналды жаздырып алу

да – мәдениет пен өркениет белгісі. Қазақ «тайға таңба басқандай» деп бекер айтпайды. Көзбен көрген, ұстап сезінген нәрсе санада ұзақ сақталады. Мұны (жазба материалдарының күшін) заманауи психологтар да айтып-жазып жүр.

Масс-медиаға қатысты сұраққа ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ашық, нақты жауап берді: «Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Egemen Qazaqstan», «Айқын», «Astana aqshamy» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да

үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін».

Иә, туған елінің баспасөзінен жерімей, өзге елдің ақпарат құралдарын да қарап, оқып-біліп, танымын толықтырып, білімін кеңейтіп жүрген барша саладағы азаматтардың, іскер, танымал тұлғалардың, тіпті қарапайым ата-аналардың ұстанымы, пікірі дәлелді, сындарлы, жүйелі болатынын сөз сайын байқаймыз. Осы оңай да оңтайлы жетістікке жету – әркімнің өз қолында.

Адамзатқа ортақ, елге қажетті бұл сапа, Абай айтатын «көрсем, білсем» дейтін таза шақтан басталған адами ынта біздің қоғам үшін әрқашан маңызды әрі пайдалы екенін ұмытпалық.

Дархан МЫҢБАЙ,
қоғам қайраткері

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Газа секторында созылмалы ауруы бар науқастар емделе алмай жүр.

Халықаралық «Шекарасыз дәрігерлер» ұйымының сарапшылары осылай деп дабыл қақты. Өйткені қақтығыс жайлаған аймақта дәрігер мен дәрі-дәрмек жетіспейді. Қазір Газадағы 36 аурухананың тек 14-і ғана жұмыс істеп тұр. Жалпы анклавта бүйрегіне жасанды қан құятын мыңға жуық науқас пен бүйрегін ауыстырған 450 адам бар. Бірақ олардың бәрі емсіз қалып отыр.



Өзбекстанда автогаз стансаларының жұмысы уақытша шектеледі.

Елде барлық газ құю стансаларының жұмысына уақытша шектеу енгізіледі. Өзбекстанның Энергетика министрлігінен мәлімдегендей, күн күрт салқындап, соның салдарынан магистралдық газ құбырларындағы қысым төмендеген. Ведомство ақпаратына сай, газ құю бекеттеріндегі жағдайды ескере отырып, барлық жанармай стансаларына жеткізілетін бензин көлемі ұлғаяды.



Аргентинада кедейлер көбейді.

Елдегі 10 тұрғынның 4-еуінің жағдайы мүшкіл. Қазір жүздеген отбасы тегін тамаққа зәру, үкіметке масыл. Мамандар бұған қымбатшылық себеп дейді. Қаңтардағы инфляция деңгейі 20 пайыздан асқан. Өткен жылдың желтоқсанында билікке Хавьер Милей келгелі песо 50 пайызға құнсызданған. Бұдан бөлек, жаңа президент мемлекет тарапынан беріліп келген көмекті едәуір қысқартып тастады.

КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРГЕ АРНАЛДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Бердібек Сапарбаев тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиында белгілі қоғам және мемлекет қайраткерінің өмірі мен қызметіне арналған екі кітап таныстырылды.

Конференцияға Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Парламент Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов, сондай-ақ басқа да ғалымдар, қызметтес серіктері мен шәкірттері қатысып, баяндама жасады.

Басқосуды ашқан Тамара Дүйсенова Бердібек Сапарбаевтың қайраткерлік және іскерлік қасиеттерін және мемлекеттік басқарудағы іргелі бастамаларын ашатын конференцияның маңызына тоқталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов оқыды.

«Бердібек Мәшбекұлы – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Осы жылдар ішінде еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Облыстық және мемлекеттік органдарды басқара отырып, ол өзін сарабал, белсенді және білікті басшы



ретінде көрсете білді» делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Қазақстан Республикасы Президентінің ғылым және инновациялар жөніндегі кеңесшісі Күнсұлу Захария өз сөзінде Бердібек Сапарбаевтың QazVac отандық вакцинасын шығаруға үлес қосқанын айтып берді. Өзге де конференцияға қатысушылар

Бердібек Сапарбаевтың еліміз бен өңірлеріміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуындағы рөліне тоқталды. Сонымен бірге конференция аясында «Ерен де берен Бердібек» және «Өнегелі өмір» сериясындағы «Бердібек Сапарбаев» атты екі кітаптың таныстырылымы өтіп, қайраткердің өмір жолына арналған фильм көрсетілді.

ТІЛ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілдің тағылымы мен мәртебесі» тақырыбында мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазықызы Астана қаласының мемлекеттік архиві қызметкерлерімен кездесті.

Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілдің одан әрі дамуы мен күнделікті өмірдегі қолданысын өркендету, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ету, елде тіл саясатын іске асырудың 2020-

2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын дамыту жолындағы іс-шараларды ұйымдастыру, нақты жұмыс жасау.

Кездесу барысында Оразкүл Асанғазықызы мемлекеттік қызметкерлердің

күнделікті әкімшілік қызметтері барысында қазақ тілінің қолданылу аясының жоғары деңгейде болуы, сонымен бірге ресми іс-қағаздарының мемлекеттік тілде толтырылуының үлкен маңызы бар екенін жіктеп тұрып айтты. Сондай-ақ мемлекеттік тілде сөйлеу отбасынан бастау алып, өзіміз қызмет істейтін жұмыс орнында, қоғамдық орындарда асқан жауапкершілікпен атқарылуы керектігі, ана тілімізді сүюді, Отанымызды, туған жерді сүюге деген отансүйгіштік үлкен жүреппен, шынайы ниетпен байланыстыруды, бұл істе әр азаматтың өзінен бастап табандылық таныту керектігін баса айтты.

Халық игілігі үшін қызмет жасайтын бірден-бір мекеменің бірі аудан әкімшіліктері болса, халықтың әлеуметтік жағынан да, кәсіпкерлікті дамыту, тұрғындарды көгалдандыру, жарықтандыру мәселелері бойынша да қамтамасыз етіп отыратын бұл сала қызметкерлерінің жауапкершілігі үлкен. Осы тұрғыда қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы әкімшілік қызметкерлеріне мемлекеттік тілде сөйлеп, оның құндылықтарын сақтап, қорғауда, өздерінен бастап үлгі көрсетіп, бай тіліміздің қазынасын халыққа әрдайым насихаттап жүру керектігін нықтап тапсырды.

ТҰТЫНУШЫЛАР ӨТІНІШІ ҚАРАЛАДЫ

Коммуникациялар қызметінде Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Ғалымжан Ильясовтың қатысуымен ірі бөлшек сауда дүкендерінің жалпы жұмыс істеу тәртібі және «e-Tutynushy» тұтынушыларды қорғау ақпараттық жүйесі туралы брифинг өтті.

Сауда нысандарының қызметін ұйымдастыру аумақты дұрыс жоспарлаудан басталады. Сауда алаңы, тұтынушылар мен кәсіпкерлердің қажетін ескере отырып, ұтымды ұйымдастырылуы керек. Аумақты күтіп-ұстауға қойылатын талаптар санитарлық нормалар мен ережелерді сақтауды, сақтау нысанына келушілер мен жұмыскерлер үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолжетімділікті қамтиды.

Брифинг барысында Ғ.Ильясов тұтынушылардың өтінішін жедел қарау мақсатында 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «бір терезе» қағидаты бойынша тұтынушылардың өтінішін қабылдаудың «e-Tutynushy» бірыңғай ақпарат жүйесі (БАЗ) қолданысқа енгізілгенін мәлімдеді. Оның міндеті – тұтынушылардан бизнес өкілдеріне өтініштерді қабылдау жүйесін құру, әртүрлі кезеңде өтініштерді шешу, салалар мен дау

нысаналары бөлінісінде тұтынушылардың шағымдарын қадағалау, талдамалы деректерді қалыптастыру және азаматтардың тыныс-тіршілігінің барлық саласында мемлекеттік органдардың проблемалы мәселесін анықтау. Мәселен, 2023 жылы Астана қаласы Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне тұтынушылардың 2900 өтініші келіп түскен, оның ішінде БАЗ арқылы 156 өтініш бар.

Парижде туристердің ең жиі баратын орны саналатын Эйфель мұнарасы уақытша жабылды.

Оған қызметкерлер ереуілі себеп. Наразы топ еңбек шартын жақсартуды сұрайды. Қазір жазғы Олимпиада ойындарының алдында монументті қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Бірақ ереуіл қатысушыларының айтуынша, Париж мэриясы бұған аз ақша бөлген. Бұл қызметкерлердің жүктемесін арттырады дейді. Айта кеткен жөн, Эйфель мұнарасына жыл сайын 6 миллион адам келеді.



Орепаі мәтінді бейнеге айналдыратын soга нейронжелісін ұсынды.

ChatGPT құрушысының мәліметінше, жасанды интеллекттің жаңа генеративті құралы мәтіндік командалар негізінде жоғары сапалы бейнелер жасай алады. ChatGPT чат-ботын әзірлеген компания мәтінді қысқа бейнелерге лезде түрлендіретін нейрожеліні енгізу арқылы генеративті жасанды интеллект (AI) саласында жаңа қадам жасады.

Елорданың Байқоңыр ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында аудан тұрғындарынан барлығы 9 жобалық ұсыныс келіп түсті. Аталған жоба бойынша өтінімдер мен жобалық ұсыныстар 1 наурызға дейін қабылданады.

ҰСЫНЫСҚА ҚҰЛАҚ ТҮРЕДІ

Келіп түскен өтінімдер 1 наурыз бен 5 сәуір аралығында талданады. Ал 24 сәуірге дейін тұрғындардың жобалық ұсыныстары үшін дауыс беріледі. 29 сәуірге дейін дауыс беру қорытындысын шығару жүзеге асырылады.

«Халық қатысатын бюджет» жобасының мақсаты – тұрғындардың бастамасы мен ұсыныстары бойынша ауданды абаттандыру. Өз ұсыныстарын Байқоңыр ауданының кәмететке толған барлық тұрғындары жібере алады.

Егер дауыс беру кезінде жобалық ұсынысты аудан тұрғындары қолдаса, ол биыл қалалық бюджет қаражаты есебінен іске асыруға ұсынылады. Ұсыныстарды Байқоңыр ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсына www.baikonyr-astana.kz жіберуге болады («Халық қатысатын бюджет-2024» бөлімінде).

Ұсынысты жіберу үшін өтінімді толтыру қажет (жобаның атауын, оның сипаттамасын көрсету), сұлбасы мен сметаны (индикативті болуы мүмкін), ағымдағы күйдің суреттері мен қосымша презентацияны да тіркеу қажет. Бұл бөлімде осы жобаның ережелері, типтік жобалық ұсыныс, жоба бойынша іс-шаралар мерзімі, сараптамалық кеңестің құрамы көрсетілген. Сараптамалық кеңес шешімінің нәтижелері әкімдіктің интернет-ресурсында жарияланып, аудан әкімдігі ұсыныстарды жүзеге асыруға кіріседі. Ұсынысты іске асыру барысы мен нәтижелер туралы ақпарат әкімдіктің интернет-ресурсында жарияланады.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қосымша сұрақтар бойынша +7-701-553-26-27 байланыс нөміріне хабарласуға болады.



АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ЗАҢ БІРЕУ, БИ ТӨРТЕУ МЕ?

Жақында жер дауына қатысты бір мәселеге байланысты 7 адвокаттан кеңес алдым. Бір қызығы, жетеуі жеті түрлі кеңес беріп, басымды одан әрі қатырды. Керек десеніз, орыс тілді заңгер мен қазақ тілді заңгердің заң жөніндегі білімі де ұқсмайтынын байқадым. Қатысты заңдарды өзім ақтарып көріп едім, ештеңе түсінбедім. Қазақша жазылғаны болмаса, тілі түсініксіз, ұғымға ауыр. Яғни орысшадан түйе үстінен сирақ үйіткендей ділдалап аудара салғаны көрініп тұр.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

«Қазақстанда заң күштілердің мүддесін қорғайды немесе заң азуы алты қарыс алпауыттарға жүрмейді, ол – тек қарапайым халықты басқару үшін ғана жасалған құрал» деген сөз жиі айтылады. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» дегендей, бұл сөз де текке айтылмаса керек. Яғни заң біреу, заң алдында барлық адам тепе-тең деп сөз жүзінде айтылғанмен, біздің заң «күштілерге телпек, қараларға тентек» мінез танытатыны жасырын емес. Оның үстіне елімізде заңгерлердің алатын ақы өлшемі жөнінде де анық белгілеме жоқ па, кім білсін, ісің түсіп алдына бара қалсаң, аузына келген бағасын айтады. Мәселен, жоғарыдағы 7 заңгердің үшеуі құны 2 миллион жердің дауы үшін адвокат болуға бір миллион теңге сұрады. «Жолақы сияқты басқа да шығындар мұның сыртында» деп қояды тағы аузы қисаймай.

Еліміздегі заңдар орыс тілінде жа-

зылып, мемлекеттік тілге аударылған да, оның аудармасы қатеге толы әрі түсініксіз. Мәселен, Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері Парламент Мәжілісі 2 заңды мемлекеттік тілде қабылдаған (1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» заңы мен 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы). Әрине, заңымыз түсініксіз жазылғаннан кейін қарапайым халық өз мүддесін қорғау үшін заңгерлерге жүгінеді. Бірақ «Тура биде туған жоқ» деп әділ жұмыс істейтін заңгерлер де аз. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дегендей, сотта үкім шығарушыларға кімнің бергені көп болса, таразы басы солай ауытқиды деп жұрт та зар қағады. Керек десеніз, көмектеседі деп ақшасын төлеп алған заңгеріңіз кейде қарсы жақпен де астасып, екі жақты қатар соғып, өз қалтасын қампайтатын жағдай да жоқ емес. Демек, осы мәселелерді мемлекет деңгейінде зерделеп, заңдарымызды төл тілде жазып, халықтың құқықтық сауатын, заңгерлердің кәсіби этикасын көтермей, Әділетті Қазақстан құру қиын.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҚҰНЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Ақпан айында астана-лықтар жылу мен жарық үшін коммуналдық түбіртек-тің әдеттегіден әжептәуір қымбат болып келгеніне шағымданып, біраз мекеменің есігін тоздырды. Осыған орай, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің елордалық департаменті тұрғындарға коммуналдық қызметтердің тарифтері туралы түсініктеме берді.



Табиғи монополияларды реттеу комитеті елордалық департаментінің хабарламасында атап өтілгендей, жақында елорда тұрғындары қаңтар айындағы түбіртектерді алып, жылу мен электр энергиясы үшін төлемдердің артқанын байқады. Ведомство мамандары тарифтің неге осынша артқанын түсіндіруге тырысты.

«Елордада жылумен жабдықтау қызметін «Астана-энергосбыт» ЖШС көрсетеді. Тариф 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың өсуін, стратегиялық тауар құнының өсуін және көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюын ескере отырып түзетілді. Жылу энергиясының тариф деңгейі жылу энергиясын өндіруге, тасымалдауға және жеткізуге қажетті шығындар деңгейіне

байланысты. Сонымен қатар жылумен жабдықтау тарифінің деңгейі, ең алдымен, отын түрінің, атап айтсақ, газ, мазут, көмір құнына байланысты, оның құрылымында ол негізгі үлесті алады. Тиісінше, отын бағасының өзгеруі, сондай-ақ оларды тасымалдау жылумен жабдықтауда тарифтің өзгеруіне алып келді» делінген хабарламада.

Сондай-ақ департамент деректеріне сәйкес, «Астана-энергосбыт» тарифінің құрылымында шығындардың 97 пайызын жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар және жылу энергиясын бөлуге арналған шығындар алады. Нәтижесінде осы факторлардың барлығын ескере отырып, Астанада жылу тарифі 20 пайызға өсті. Сондай-ақ соңғы айда келген түбіртекке тарифтің жоғарылауы ғана емес, сонымен қатар сыртқы ауа температурасы және соның

салдарынан тұтыну көлемінің артуы әсер еткені атап өтілді.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің елордалық департаменті жылыту кезеңінде «Астана-энергосбыт» ЖШС-тің электр энергиясын бөлшек саудада өткізу бойынша қызметтердің бағасы өзгермегенін жеткізді.

«Электр энергиясы бойынша есептеу электр энергиясының нақты тұтынылған көлемі үшін есептеу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүргізіледі. Жекелеген жағдайларда есепке алу құралының көрсеткіштері дұрыс берілмеуі мүмкін» делінген хабарламада.

Түсінбеушіліктер туындай қалса, астаналықтар А.Петров көшесі, 5-үй мекенжайы бойынша немесе «e-otinish» азаматтардың барлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы толық ақпарат ала алады. Тұтынушының дәлелдері расталған

жағдайда, департамент жоспардан тыс тексерулердің нәтижесі бойынша шаралар қабылдайды.

Өткен жылдың жазында Астанада жылу тарифін екі еседен астам арттыру жоспарланғаны туралы хабарланған болатын. Күзде Қазақстанның қай аймағында коммуналдық қызметтердің бағасы өскені туралы жазылды. Содан кейін елордада суық су 15,7 пайызға, су бұру 15,5 пайызға, электр энергиясы 7,6 пайызға, газбен жабдықтау 8 пайызға қымбаттады деп хабарланды. Орталық жылыту тарифтері өзгеріссіз қалды.

«Инвестицияға айырбастау тарифі» бағдарламасы аясында коммуналдық қызметтерді жеткізушілер бағаны көтере алады, бұл ретте олар инфрақұрылымды ретке келтіруге және өз қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға міндетті.

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАЛАНЫП ЖАТЫР

Елорданың коммуналдық қызметтері ауа райының қолайсыздығына, тіпті сықырлаған сары аяз бен бұрқасын боранға қарамастан, тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жүр. Астанада қар тазалау жұмысы қарқынды жүруде.



Қала бойынша қар тазалауға 2,2 мыңға жуық жол жұмысшысы және 1,3 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды. Өткен түнде елорда аумағынан 20 мың текше метрден астам қар шығарылып, полигондарға 1,6 мыңнан астам рейс жасалды. Тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтірмеу мақсатында Астананың барлық 5 ауданы да ерекше белсенділік танытуда.

Сарыарқа ауданында орамшілік аумақты қардан тазалау жұмысы жалғасуда. Ауданды қардан тазартуға 520 жұмысшы мен 365 арнайы техника жұмылдырылған.

Есіл ауданындағы жолдар мен тротуарларды көктайпақтан тазарту жұмысы күшейтілді. Осы іске 400-ге жуық жол қызметкері мен 180-нен астам арнайы техника жұмылдырылды.

Нұра ауданының көшелері мен аулаларында да қар тазалау жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұған 257 арнайы техника мен 415 коммуналдық қызметкер қатысып, ең алдымен, жаяу жүргіншілер көп жүретін жолдар мен әлеуметтік нысандар – мектеп, балабақша, аурухана маңындағы аумақтар тазартылуда.

Астанада жаңа SOVA фото-бейнежазба камерасы пайда болды. Ол Қабанбай батыр даңғылы бойындағы автотұрақ аумағында орнатылды. Алғашқы камера сынақ режимінде жұмыс істеп тұр.

ЖАҢА КАМЕРАЛАР ОРНАТЫЛДЫ

«Астана тұрақ кеңістігі» мекемесінің мәліметінше, бұл камера жол ережесін бұзудың 20-дан астам түрін, соның ішінде заңсыз тұрақ пен көліктің заңсыз тоқтауын да жаза алады.

SOVA – жол қозғалысы ережелерін бұзудың алуан түрін бақылайтын және оларды бірден тіркейтін интеллектуалды мониторинг жүйелерінің камерасы. «Ақылды» жабдық тәулік бойы жұмыс істейді, тіпті қараңғыда да заң бұзушылықтарды анықтайды және кузовтың кішкене бөлігінен-ақ көліктің түрін анықтай алады. Бұл ақпарат жасанды интеллект пен машиналық көру технологияларын қолдана отырып өңдейтін интеллектуалды платформаға беріледі. Алынған ақпарат автоматты түрде құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Қазір ол сынақ режимінде жұмыс істейді. Жаңа жабдықты қала билігі мақұлдаса, елордадағы коммуналдық автотұрақтардың қозғалыс өте көп жерлерінде де осындай камералар пайда болады.

«Астана тұрақ кеңістігі» компаниясының директоры Шыңғыс Досыбаев жаңа SOVA камерасының қызметі туралы қысқаша түсініктеме берді.

– Ережені бұза отырып қойылған бір көлік бүкіл қозғалысты ұзақ уақытқа бөгеп тастауы мүмкін. Мұндай заң бұзушылықтарды онлайн режимде анықтау көліктерді заңсыз тоқтату немесе тұраққа қою санын азайтуға және қала көшелеріндегі көлік өткізу қабілетін ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деді Шыңғыс Досыбаев.

Сонымен қатар SOVA камерасы жол белгілерінің жағдайын бақылайды және қала көшелеріндегі кептеліс пен көлік тұрақтары туралы статистика ақпаратын жинайды.

Камералар көшенің цифрлық үлгісін көріп, көліктің белгілі бір бөліктерін басқа заттар уақытша жасырып тұрса да анықтайды.

Фото және бейнежазба камераларының техникалық жағдайын «Астана тұрақ кеңістігі» мекемесінің мамандары қадағалайды.



КӨПРДІ ЖӨНДЕУ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Бас қала тұрғындары Алаш тасжолы бойындағы көпірдің күрделі жөндеуі ұзаққа созылып кеткеніне наразы. Ол жердегі жұмыстың қашан аяқталатыны жөнінде қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

Халық арасында «бүкір» деген атауы бар көпір бұған дейін апатты деп танылып, оның сол жағындағы қозғалыс 2021 жылдың қаңтар айынан бастап автокөліктер үшін жабылған болатын. Ол арқылы қозғалыс 2022 жылдың жазында ашылды. Бүгінде өткелдің оң жағы жөнделді.

Ол кезде көпір апатты деп танылып, оның бір бөлігіне, атап айтқанда, жол өтпесінің авариялық бөлігіне күрделі жөндеу жүргізілген еді. Жоба бойынша 140 метр көпір салынды. Сонымен қатар көпірдің екі жағынан 700 метрден асфальт төселді. Сондай-ақ металл эстакаданың жүру бөлігі жөндеген болатын.

Астанадағы Алаш тасжолы бойындағы көпірді жөндеу жұмысы содан бері әлі де жалғасуда. Қала тұрғындары оны тезірек аяқтауды сұрап отыр.

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының баспасөз қызметі хабарлағандай, Алаш тасжолындағы көпірдің сол жағында деформациялық тігісте асфальтбетон жабынының ішінара деформациясы пайда болды. Осыған байланысты көпір апатты деп танылды және сол жақтағы көлік қозғалысы жабылды. Бүгінде автокөліктер жол өтпесінің оң жағымен екі жаққа да қатынауда.

Басқарма мәліметінше, көпірдегі толыққанды қозғалыс осы жылдың күзінде қайта басталады.

«Мемлекеттік сараптама-ның оң қорытындысын алған тиісті жоба әзірленді. Қазіргі уақытта жұмыс жүргізілуде. Күзде жол өтпесінің сол жағында да қозғалыс қамтамасыз етіледі деп жоспарланып отыр» делінген ведомство таратқан хабарламада.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ШОЛПАНДАЙ ТАҢ
АЛДЫҢДА ЖАРҚЫРАҒАН

Шәкен Айманов 56 жыл өмір сүріп, 20 жыл театр сахнасында, 15 жыл кино көкжиегінде жұлдыздай жарқырап өтті. 1947 жылдан 1951 жылға дейін қазіргі Қазақ академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері», «Жамбыл» көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953 жылдан 1970 жылға дейін «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарды. Театрда Жамбыл, Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Отелло рөлдерін сомдап, ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырса, «Махаббат туралы аңыз», «Дала қызы», «Біз осында тұрамыз», «Біздің сүйікті дәрігер», «Бір ауданда», «Ән шақырады», «Жол қиылысы», «Алдар көсе», «Атамекен», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры» фильмдерін түсіріп, қазақ киносының тұғыры биік танымал тұлғасына айналды.

«Атаманның ақыры» – қазақ кино қоржынына теңдессіз олжа болып қосылған қомақты туынды. Айтулы фильм отандық кинематография тарихына детектив жанрында түсірілген тұңғыш кинокартина ретінде енуімен құнды болса, екіншіден, ол Шәкен Аймановтың соңғы түсірген туындысы болуымен қастерлі. 90 пайызы Өзбекстанда, 10 пайызы Қазақстанда түсірілген бұл фильм Шәкен Айманов түсірген екі сериямен аяқталған жоқ. Атап айтқанда, осы еңбектің жалғасы ретінде 1977 жылы «Транссібір экспресі», 1989 жылы «Манчжурлық нұсқа» фильмдері түсірілсе, 2010 жылы Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «ИЗАРУС-фильм» кинокомпаниясымен бірлесе отырып, «Сіз кімісіз, Ка мырза?» атты фильмнің тұсауын кесті. Оқиға сюжетіндегі жалғастық тұрғысынан алып айтсақ, бұл фильм де аты аңызға айналған тыңшы Шадияров жайындағы туындылардың тақырыптық жалғасы еді. Үш фильмде де бас кейіпкердің бейнесін Асанәлі Әшімов сомдады. Оны Қасымхан Шадияровтың рөліне ұсынған да Ш.Айманов болатын. «1968 жылы «Қазақфильм» студиясындағы Ғабит Мүсіреповтің жазған ғажайп сценарийі бойынша «Қыз Жібек» екі сериялы киногоуынды болып түсірілсін деген шешім қабылданды. Киноға жауапты сарапшылар фильмдегі Бекежан рөлін менің қанжығамға байлады. Қуанышымда шек жоқ! «Құдайым көкстен іздегенімді жерден берді» деп бөркімді аспанға атып жүрмеймін бе? Сол кезде Шәкен аға Аймановтан да хабар келсін... «Атаманның ақыры» фильмінің сценарийі бекіп, оған актерлер іріктеу басталғанда: «Басқа кейіпкерлерде шаруам жоқ. Қасымхан Шадияровтың рөліне даярлап отырған адамым бар. Ол – Әшімов» деп комиссия жиналысында отырып алыпты. «Оу, ағасы, өмірімдегі армандап жүргенім Бекежан образы емес пе? Қолымнан бірдеңе келсе осы арқылы көрсете алармын деуші едім. Соған енді жете бергенімде бұл қиын болды ғой?» деймін мен Шәкеңе артық сөз айта алмай қипақтап. «Фильм маған жүктелгенде осылай ойлағанмын. Енді осылай болды. Болашақта осылай болады. Қазірдің өзінде сезіп, біліп, тіпті көріп отырмын. Сенің Шадияров рөліндегі бұл бейнең өзгелерге өмір бойы үлгі болады» деп шарт түйді. Осыдан кейін бір күннің ішінде, яғни түске дейін Бекежан, түстен кейін Қасымхан болып ойнаған күндерім басталды. Осылайша, мысалы, атаман Дутовтың кабинетіне келген жас офицер мен Сырлыбайдың алдына кірген жас батырдың сөйлеу ерекшелігі мен өзін-өзі ұстау мәнеріндегі, тіпті жүріс-тұрысындағы титтіт де қайталаулардың болмауы сияқты



ШӘКЕН ШЫҢЦЫ

Қазақтың әйгілі актері, режиссер, қазақ киносының атасы, Кеңес Одағының Халық әртісі атанған Шәкен Аймановтың дүниеге келгеніне биыл 110 жыл толды. Саналы ғұмырын ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуына, дамуына арнаған оның әр қадамы – бүгінгі ұрпақ үшін тұнып тұрған өнеге. Жуырда Астанадағы №20 орта мектепке Шәкен Аймановтың есімі берілді.

сан сыннан аман-есен өтіп, қос кейіпкерді экранға алып шықтық» деп еске алады Асанәлі Әшімов. Шәкен Айманов белгілі биіші Шара Жиенқұлованың сіндісі Хадишаға үйленіп, одан Мұрат есімді бір ұл сүйген. Одан бір қыз бар. Хадишаның бірінші некесінен сүйген қызы Майраны да бауырына басып, бұландатып өсірді. Ал күйеу баласы – Асанәлі Әшімов. Екі жиені Мәди мен Сағи да өмірден ерте озды. Тағдыр Шәкен Аймановтың бір басына барлық дарынды үйіп-төгіп берген. Театрда, кино саласында өшпес із қалдырған Шәкеннің әншілік өнері де бір төбе. Себебі жұрт арасында қазақтың халық әні – «Жиырма бес» пен «Екі жиренді» Шәкендей ешкім орындай алған жоқ деген сөз көп айтылады. «Атаманның ақыры» фильмінде де «Жиырма бес» орындаған Шәкен Аймановтың өзі болатын.

КИНОДАҒЫ ҚҰБЫЛЫС

Шәкен Кенжетайұлын бүгінгі ұрпақ қазақ киносының атасы деп біледі. Әрине, Қазақстанда Шәкен Айманов туындыларынан бұрын түсірілген кинолар да бар. Шәкеннің өзімен үзеңгілес жүрген қазақ кино саласының жүйріктері де аз емес. Солай бола тұра, Шәкен Кенжетайұлының есімі елден ерекше аталады. Мұның себебі неде? Шәкен фильмдерінің дәуір шаңының астында қалмай, әлі күнге дейін өміршен болуының не сыры бар? Бұл жөнінде белгілі кинотанушы Алма Айдар былай дейді: «Шәкен Айманов – қазақ кино өнері саласындағы алақ орны бөлек тұлға. Ол бұл салада қазақтың алғашқы кино режиссері ретінде танылды. Бұл жөнінде профессор, кинотанушы Бауыржан Нөкербек «Тұңғыш қазақ кинорежиссері кім?» деген мақаласында ерекше зерделеп, ғылыми негізде талдау жүргізіп, «Қазақтың тұңғыш қазақ кинорежиссері – Шәкен Кенжетайұлы Айманов. Біз ұлттық кино өнерінің пайда болуын оның есімімен байланыстыруымыз керек» деп атап көрсетеді. Екінші

дүниежүзілік соғыс кезеңінде Қазақстанға «Ленфильм», «Мосфильм» студиялары, сонымен қатар, Бүкілодақтық кинематография институты көшірілген еді. Одан бұрын Алматыда Алматы киностудиясының негізі қаланған болатын. Осы киностудиялар негізінде Орталық біріккен киностудия (ЦОКС) құрылады. Сол жерде кеңес дәуірінің белгілі майталман режиссерлері, операторлары, кинематография мамандары сабақ береді. Сондай-ақ кешкілік сабақ ұйымдастырады. Сол жерден қазақ киносының іргетасын қалауға атсалысқан көптеген жас маман кәсіби білім алды. Солардың қатарында актер Шәкен Айманов та болды. Оның алғашқы сомдаған рөлдері «Абай әндерінде» Шәріптің, «Жамбыл» фильмінде Жамбылдың рөлі болды. Көп ұзамай кино режиссері ретінде өз туындыларын халыққа ұсына бастады. Әрине, алғашқы фильмдерінде театрдың ықпалы басым болды. Сол себепті Шәкен Аймановқа «актерлік кинематограф» деген баға да берілді әрі көп сыңға алынды. Дегенмен кейінгі киноларында кәсіби біліктілігін үздіксіз арттырып отырды.

Шәкен Аймановтың басты ерекшелігі, режиссер ретінде түрлі жанр мен әртүрлі тақырыпты көтеруден тайсалған жоқ, батыл болды. Мәселен, комедия жанрында «Біздің суды, біздің дәрігер», «Тақиялы періште» фильмін түсірді. Драма жанрында «Атамекен», «Бір ауданда» фильмдерін түсірсе, өмірінің соңында «Атаманның ақыры» түсірді. Демек, Шәкен Айманов заманауи тақырыпта түсірілген әлеуметтік мәселеден бастап, тарихи фильмдерді де түсірді. Фольклор тақырыбына барудан да жасқанған жоқ. Сонымен қатар Шәкен Аймановты қазақ киносының жаңашыл режиссері десек болады. Ол өзінің фильмдерінде оған дейін көтерілмеген, айтуға болмайтын мәселелерді көтерді. Мәселен, «Атамекен» фильмінде ұлттық дәстүріміз, діни наным-сенім, ата-баба жолы, жер мәселесі, сондай-ақ ұлттарды жер аудару мәселесін көтерген болатын. Яғни кеңес, қазақ ки-

носында депортация мәселесі алғаш рет Шәкен Айманов фильмдерінде көрініс тапты. Шәкен өз фильмдерінде соғыс тақырыбын да басқа қырынан ашты. Демек, сол кезде Шәкен айтуға болмайтын тақырыптарға батылдыкпен барды.

Оның театрдан киноға келуі шығармашылық жолына үлкен ықпал жасады. Ш.Айманов өз фильмдерінде актерлеріне айрықша назар аударатын. «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» фильмдерінде қазақ сахнасының айтулы шеберлерін тасқа жазған тарихтай таспаға таңбалап қалдырды. Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Елубай Өмірзақов сынды өнер майталмандарының жарқын бейнесін жазып қалдырды. Шәкен

ҚАЗІР ҚАЗАҚ КИНОСЫ БАСҚА БЕЛЕСКЕ ШЫҚТЫ, ӘЛЕМДІК КИНО САЛАСЫНДА ДА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР. ТАНЫМАЛ РЕЖИССЕРЛЕР МЕН АКТЕРЛЕРІМІЗ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС. ДЕЙТҰРҒАНМЕН ШӘКЕН АЙМАНОВТЫҢ ДӘУІРІНДЕ ЖАСАЛҒАН КИНОЛАР ЕРЕКШЕ КЕЛБЕТІМЕН ҰЛТТЫҚ КИНОМЫЗДЫҢ ҚҰБЫЛЫСЫ РЕТІНДЕ МӘҢГІЛІККЕ ҚАЛДЫ

Айманов өз фильмдерінде Алматыға айрықша назар аударып, ару қаланың өзін бір «кейіпкеріне» айналдырды. Бір ауыз сөзбен айтқанда, Шәкен Аймановтың даңқын асырған басты құдірет ұлттық бітім-болмысымыздың қазақ киносында өз келбетімен таспалануында.

Әр заманның өз ерекшелігі болады. Шәкен Аймановтың дәуірінде саяси бақылау өте қатаң болды. Көп нәрсені айтқызыбайтын. Бірақ соған қарамастан ұлт тағдырына қатысты айтылмай жүрген өзекті мәселелерді астарлай отырып, көрермен назарына ұсынып отырды. Сосын да оның кинолары қай заманда да құнын жоймайтын өміршен өнім саналады. Қазіргі таңда елімізде комедия жанрында кино түсіру басты ағымға айналды. Бірақ бұл фильмдердің ой мен бойы, тілінің шұрайлылығы мен көркемдік құрылымы Шәкен

Айманов фильмдерінің қарасын да көре алмайды. Әрине, қазір қазақ киносы басқа белеске шықты, әлемдік кино саласында да өзіндік орны бар. Танымал режиссерлер мен актерлеріміз де жоқ емес. Дейтұрғанмен Шәкен Аймановтың дәуірінде жасалған кинолар ерекше келбетімен ұлттық киномыздың құбылысы ретінде мәңгілікке қалды».

– Ұлтымыздан шыққан тұңғыш кино режиссері кім, ұлттық кино қандай болуы керек деген мәселеге Ш.Айманов еңбектері толық жауап беріп тұр. Ол кино саласында әр түрлі жанрға барды. «Саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойған» заманда киноларына ұлттық болмысымызды астарлап сіңіріп жіберу шын таланттың, ұлтқа қызмет етем деген ұлы жүректің ғана қолынан келеді. Сол туындылар Одақ кезіндегі цензурадан қалай өтті деп таңғаласың. «Атамекен» фильміндегі ұлттық идеология, яғни қазақтың екі буын ұрпағы сол дәуірде қандай өзгеріске ұшырағанын қалай әдемі бейнеледі! Қазақы дүниетанымымыз,

ойландыратын қасиет бар ма? Жоқ. Тек арзан күлкіні көреміз. Шәкенді еске алғанда оның осы қасиеттерін ескеруге, үйренуге ден қойғанымыз дұрыс, – дейді белгілі кинотанушы Әлімақын Жанболат.

ТЕАТРДАҒЫ ҚҰТТЫ ҚАДАМ

Өнер тарланы 1932 жылы Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылды. Яғни ол кісі өнер жолын театрдан бастады. Бірақ жұрт Шәкеннің фильмдері жөнінде көбірек айтады. Дегенмен Шәкен Аймановтың театр сахнасындағы орны ерекше. Ол ойнаған Ақан сері, Қобыланды, Отелло рөлдерінен Шәкен Айманов сахнаның хас шебері екені аңғарылып тұрды. Әрине, бұдан басқа рөлдерінде де Шәкен өз ерекшелігімен көзге ұрып тұрды. Театрдағы бұл шеберлігі кейін кино кейіпкерлерінің бейнесін ашуға айрықша көмегін тигізгені айтпаса да түсінікті жайт. Әсіресе актер таңдау жағында театр өнерінің қыр-сырын жетік білгенінің пайдасы көп тигені байқалады. Бұл туралы қазақ кино саласындағы танымал тұлғаның бірі Нұржұман Ықтымбаев мынадай естелік айтады:

– Мен киностудияның штабтына кіргеннен кейін бір күні Шәкен аға шақырып жатыр деді. Қорқа-қорқа кабинетіне барсам, келген бетте: «Әй, қалқанқұлақ, жоғары шық» деді үлкен қазақы мінез танытып. «Қазақфильм» деген – қазақ мәдениетінің бір үлкен шаңырағы. Осы киелі шаңыраққа жақында штатпен актер етіп қабылдадық. Енді сендер осы киностудияның штатындағы актер деген атты абыроймен алып жүріңдер. Дубляждан жалақыңды аласың, түсіп жатсаң, кинодан да ақша табасың. Ол үшін дұрыс жүру керек» деді. Ол кісінші айтқаны – заң.

Бір күні Әзірбайжан Мәмбетов кездесіп қалып: «Сен маған кел, театрдың қыр-сырын білесің, үйренесің, театр кинодан арқан бойы жоғары нәрсе ғой» деді. Ол кісі Қазақ драма театрының режиссері еді. Мен де қызықтым. «Аға, шын айтасыз ба, аласыз ба?» деп едім, «шын, аламын» деді. Содан киностудияның кадрлар бөліміне барып, документтерімді жинаттым. Аралықта дубляж болды да, соған кіріп кетіп қайта шықсам, «Шәкен аға шақырып жатыр» деді, барсам кадрлар бөлімінің бастығы отыр екен. Шәкен аға бірден «сенің жаныңа не зорлық туды, неге кетем деп жүрсің?» деп шүйілді де, кадрлар бөлімінің бастығына бұрылып: «Егер мына қалқанқұлақтың документін беретін болсаң, сен де жұмыстан кетесің. Екеуіңді бірдей қуып шығам. Қалқанқұлақ менің рұқсатсыз ешқайда кетпейді» деді. Ана кісі шығып кетті. «Қалқанқұлақ, сен отыр!» деп мені алып қалып, «сенің бақытың – осы кинода. Мен адам танысам, сенің бақытың да, өмірің де, болашағың да осы кинодан» деп ақыл айтқаны бүгінге дейін есімде. Сонымен Шәкен ағаның ақылмен киностудияда қалдым.

Шәкен Аймановтың кезінде киноның өрсі өте жоғары еді. Өткенде Олжас Сүлейменовтен «Сіз неге сценарий жазбайсыз?» деп журналистер сұрап жатыр. Сонда Олжас «Абдолла тіріліп келсе, мен жазар едім» деп жауап берді. Сол Олжас айтқандай, Шәкен Айманов, Мәжіт Бегалин, Сұлтан Қожықов, Шәріп Бейсенбаев, Абдолла Қарсақбаев бір-бір төбе еді. Қазір заман басқа, еркіндік бар, не жазам, не қоям деп ешкімге жалтақтамайсың. Кезінде түсірілген фильмдердің көбін кесіп-кесіп тастап, жұрнағы ғана қалатын. Сондықтан қазіргі кинолар мен Шәкен ағалар жасаған дүниені салыстыруға келмейді. Қазіргі киноларды «Атаманның ақыры», «Менің атым Қожа», «Қыз Жібекке» жақындағала алмай жүрміз. Режиссурамыз саяз...

Біз тұратын көпқабатты үйдің кіреберісінде үнемі шылым шегіп тұратын 15-16 жас шамасындағы екі қыз баланы көремін. Біраз уақыт өткеннен кейін оларға үшінші бір ер бала қосылды. Үшеуі күнде әлгі жерде еш қысылмай темекі тартып тұрады. Бір күні шыдай алмай әлгі жасөспірім шылымқорларға ескерту жасадым. «Жап-жассыңдар, күнде будақтатып шылым шегесіңдер. Өкпелеріңнен не қалады? Бұл денсаулыққа өте зиян ғой. Неге түсінбейсіңдер?!» дедім жаным ашып. «Мұның денсаулыққа еш зияны жоқ. Қазір бұл темекіні бәрі шегеді» деді бірі беті бүлк етпестен.

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ


АКЦИЗ НЕГЕ
ЖОЙЫЛДЫ?

Қазір елорданың өзінде мектеп оқушыларының 70-80 пайызы шылым шегетіні айтылады. Әсіресе жас ағзаға өте зиян «вейп» деп аталатын электронды темекі бағасының қымбаттығы өз алдына (біреуі 2000 теңге тұрады), күн сайын жеткіншектердің өз денсаулығын құртып жатқаны қынжылтады. Осыны кеш те болса түсінген Үкімет жақында оған заңмен тыйым сала бастады. Алайда бұдан контрабандалық жолмен елімізге кіріп жатқан темекілердің көлемі азаймай отыр.

Әрине, бір жарлықпен темекі тартуды тоқтата салу әсте мүмкін емес. Оның адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келтіретін зиянын екінің бірі біледі. Сөйте тұра шылым шегушілер қатары азаймай келеді. Бұл өнімнің саудаға шығуы мен сатылуын мемлекеттік дәрежеде реттеу тетігі де жеткілікті. Алайда одан жағдай түзеліп кетіп жатқан жоқ. Сарапшылардың пікірінше, кейінгі жылдары осы өнімдерді шеттен жасырын енгізу одан сайын арта түсіп, қылмыстық әрекеттерге билік өкілдерінің көзді жұма қарауы асқынып бара жатқан сияқты. Бұл тұрғыда белгілі экономист Қанат Нұров өз ойын былай білдіреді.

«Темекінің денсаулыққа қауіпті екенін айта бергеннен ештеңе шықпайды. Оның бірден өлімге әкелетінін түтін құмарлар түсінуі керек. Мен сізге айтайын, бүгінгі таңда елімізде сатылып жатқан темекі өнімдерінің 20-30 пайызы – сыбайлас жемқорлық арқылы контрабандалық жолмен кіргендер. Оның кеденде сапасы тексерілмеген соң, ішінде пластикан бастап кеміргіштердің қиына дейін жүруі өбден мүмкін. Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша елде кәметке толмаған 2,8 миллион шылымқор бар. Бұл дегеніңіз – республика халқының 7 пайызы деген сөз. Буындары қатып үлгермеген көкөрімдердің астыртын өнімдер еркін жымсықшылықпен жаулап алып, болашағын құртып жатыр. Ал оның көлеңкелі жағы тіпті қорқынышты. Кез келген контрабандалық тауардан бюджетке салық төленбейді. Бұл – бір, екіншіден, мектеп, аурухана, жол, тұрғын үй салынуға жұмсалатын қаржы оқушылардың ағзасын улауға кетіп жатыр.

2020 жылдың қазан айынан бастап Қазақстанда тауарлардың маркировкасын енгізу міндеттелді. Бұл қанатқақты жоба темекі өнімдерінен басталып еді. Сондағы мақсат – тұтынушыларды елімізге жасырын өтетін тауарлардан қорғап, көлеңкелі кәсіпкерліктің жолын кесу. Бастама жақсы. DataMatrix-кодты маркировкасы ақ-қара жолақпен көмкеріліп, қос төрт бұрышты белгілер соғылып жүрді. Тіпті



КӨК ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҚҚАН КӨКӨРІМДЕР

бұған қосымша AppStore мен Google Play-да қолжетімді тегін Naqty Onim мобильді қосымшасы да іске қосылып, сатып алынатын тауардың сапасы мен шынайылығын анықтауға толық мүмкіндік болды. Дегенмен бұл қадам кімге ұнамай қалғаны белгісіз, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қағаз түріндегі мұндай «акциздік марка» жойылды. Ал оның орнын басқан цифрлық маркировканың темекі өнімдеріндегі көлеңкелі бизнеске қауқары жетпей-ақ келеді.

АРЗАННЫҢ ТҰЗЫ
ТАТЫМАС

Біздің елге темекі өнімдері көбіне Еуроодақ пен Ресейден, Қытай мен Түркиядан тасылады екен. Бірақ бір қызығы, тауар шекарадан өтіп, бірізділенген кезде, әсіресе сигареттерге атауы, шығарылған, шекараны өткен күні жазылғанмен, қай елде өндірілгені жазылмайтын болып шықты. Содан келіп отандық дүкендерде күмәнді, заңсыз «эмиссия» немесе «агрегирленген» темекі өнімдері пайда болады. Мұның денсаулыққа келтіретін зияны өз алдына, халық қазынасына түсетін қомақты қаржыдан да қағылып отырмыз.

Экономист Сапарбай Жұбаев бұл мәселені көптен назарда ұстап келе жатқанын айтады. Осы төңіректе өз ой-пікірін баспасөз бетінде, бұқаралық ақпарат құралдарында талай айтыпты. Алайда оның сөзіне құлақ асып жатқан құзырлы органдар әзірге байқалмай тұр.

«Мына мәселені қараңыз, маркировка деген тауардың сипаттамасы деуге болады. Мәселен, бірыңғай оператордың бір маркировкасы (қосымша құн салығынсыз) 2,68 теңге тұрады. Занды жүйеде бұл – о баста тауардың құнына өндіруші қосатын үстеме. Ол тұтынушыға салмақ салмауы керек. Сондай-ақ өнімнің сапасы мен шығарылған кәсіпорны нақты көрсетіледі. Бірақ кейінгі кезде бұл үдеріс жаппай бұзылып, контрабанда мен контрафактіге жол ашылып кетті. Мысал керек пе? Айталық, базарда екі темекі дүкені бар делік. Бірінде темекінің бір қорабы 400-500 теңге тұрады. Әрі одан сауда жасаушылар арылмайды.

Өйткені онда өнім анағұрлым арзан. Көп жағдайда көпшілік «арзанның тұзы татымас» деген мақалды ескере бермейді. Ал екінші дүкенде сатылатын сигареттер – заңды өнімдер. Сондықтан ондағы ең арзан деген бір қорап темекі бағасы – 750-800 теңге. Ал кеңінен танымал түрі 950-1000 теңгеге жетеді. Бірақ онда тұтынушы аз. Өйткені шылым құмарлар сапасына да, құрамына да қарамай, тек арзанға жүгіреді. Сондықтан Үкімет осы саладағы көлеңкелі бизнеске тұсау салу керек. Әйтпесе бұл келеңсіздік бұдан әрі де белең ала берері сөзсіз».

Доғарыстағы полковник Ермекқұл Есберген бұл мәселені әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында біраздан бері көтеріп келе жатқанын айтады.

«Сіз білесіз бе, темекі өнімдері қазір көлеңкелі бизнестің көркін қыздыруда. Көтерме бөлшек саудада нағыз өтімді тауар осы сигареттер болып тұр. Айналымы ауқымды. Сондықтан

әрбір бесіншісі темекі тартады деген сөз ғой.

Түтінге құмарлар елімізде де азаймай отыр. Кейінгі жылдары бұл бағыттағы күрес кешенді жүргізілгенмен, айтарлықтай нәтижеге қол жете қойған жоқ. Атап айтқанда, темекі өнімдерін тұтынатындар барлық республика тұрғынының 26,5 пайызын құраса, 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 30 пайызға дейін өсуі мүмкін деген болжам бар. Әсіресе осы аталған санның ішінде әйелдердің үлесі де аз емес.

Шылымнан Қазақстанда жыл сайын 20 мың адам көз жұмады екен. Бұл – оның адам ағзасына тигізіп жатқан зияны. Ал қоршаған ортаға, айналадағы адамдарға келтіретін залалын тіпті айтып жеткізе алмайсыз. Дәрігерлер оның құрамынан 7000-нан астам улы зат бөлінетінін айтады.

Елордалық дәрігер Ермұрат Жаңабайдың айтуынша, темекінің әсіресе әйелдердің репродуктивті денсаулығына кері әсері мол көрінеді.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША ЕЛДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН 2,8 МИЛЛИОН ШЫЛЫМҚОР БАР. БҰЛ ДЕГЕНІҢІЗ – РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫНЫҢ 7 ПАЙЫЗЫ ДЕГЕН СӨЗ

осы саладағы адамдар өздерінің мүддесін жанын салып қорғауда. Өткен жылдың тамыз айында Қазақстанға көршілес Қырғызстаннан астыртын кіріп кеткен екі вагон темекі өнімдерінің жолы бөгелді. Тауарды тәуелсіз сарапшылар 1,5 миллиард теңгеге бағалады. Артынан 3 айдан кейін тағы да 900 миллион теңгенің тауары осындай жолмен кіргізілгені белгілі болды. Міне, осылардың барлығы адал бизнеспен айналысып жүрген отандық кәсіпкерлерге үлкен кедергі келтіруде.

ЭЛЕКТРОНДЫ
ТЕМЕКІ ДЕ ЗИЯН

Бүкілодақтық денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жер бетінде 1,5 миллиард ересек шылымқор бар екен. Сонда жер шарын мекендеген адамның

«Бүгінде электронды темекі деген шықты. Кейбіреулер оның басқа темекіге қарағанда зияны аз деп есептеп, қатты қателеседі. Ол тіпті темекіні қойып кетуге де көмектеспейді. Электронды темекі де денсаулыққа қауіпті. Өйткені онда кәдімгі темекінің құрамындағы канцерогенді заттар жоқ дегенмен, адам ағзасына теріс әсер ететін басқа да зиянды заттар өте көп. Сондықтан осы өнімді жасөспірімдерге сататындардың жауапкершілігін арттырып, темекі өнімдерін сату ережелерін қатаңдату қажет. Әсіресе шылым шегетін мектеп оқушыларының ата-анасына құқықтық та, ақпараттық та тұрғыда әсер ету керек. Қажет болса, кәметке толмағандар шылым шексе, ата-анасына айыппұл салуға дейін жаза қарастырған жөн болады» дейді дәрігер.

АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІМІЗ АСЫЛ ЕДІ...

Осы күні нәрестенің азан шақырып атын қоярда көп жағдайда трендке қарайтын болды. Сол тұстағы қандай есімдер сәнде болса, жапатармағай солай атайды. Бұрын әулеттің жасы үлкендеріне қарайтын. Олар сәби дүниеге келмес бұрын ғайыптан аян алып, тоғыз ай сол перзенттің келуін күтетін. Одан қалды отбасындағы аталмай кеткен, ұмытылып бара жатқан өз бабаларының есімін еске алып, дүние есігін ашқан сәбиді солай атайтын. Балаға ауыр болмасын деп «бек», «жан», тағы басқа жұрнақ қосатын.

Айгүл УАЙС

Ұлтымыздың арда туған тұлғаларының есімімен де атау әбес емес-ті. Ал қазіргі ата-аналардың талғамын түсінбедік. Балаларын «Билл-Клинтон», «Айтуған Астана Элизабет», «Ақмоншак Монтсеррат», «Аллах-Берді», «Ясир-Арафат», «Ұлбақыткелсін», «Тәтті-Ару» деп атауды айып көрмейді екен. «Тараз», «Сауран», «Сайран», «Орал», «Түркістан», «Отырар», «Сығанақ» есімдері де құлаққа оғаш естіледі. Мүмкін бұрын да кездесетін Сайран мен Орал сияқты, Түркістан мен Отырарға да құлағымыз үйренер. Тек бала өсе келе намыстанбаса болды да. «Мәдениет», «Өнер», «Білім», «Достық», «Өркениет», «Тарих», «Шабыт» есімді балақандардың өсіп келе жатқанын көріп, осы атты таңдағандардың кісі есімін қоюдағы мәдениетінің аса жоғары емес екендей. Мұны қойшы, қазір туған баланы адамзаттың асыл тәжінің және оның әулеті мен сақбаларының есімі көш бастап тұр. Бұл ретте мына оқиғаны еске салайық. Шын аты Кассиус Марселлус Клейдің «Мұхаммед Әли» атауы атақты боксшының



ислам дінін қабылдауымен тандалған дейді. Боксшы Лос-Анджелестегі «Жұлдыздар аллеясына» Мұхаммед Әли аты жазылған тастақтаны жерге төсеуге қарсы болып, оны жатқауына жапсырған екен. Барша мұсылман қадір тұтатын есімнің кісі аяғында тапталып жатпауын ойлаған есіл ер дейсің.

Мұндай дәстүр өз қазағымызда да бар. Өкінішке қарай, қасиетті есімнің де киесі кетіп барады. Бұрын баламызға ауырлық болмасын деп, алайда ислам құндылығынан да алыс кетпей, қазақша мәнермен Мұхамбет, Мұхамедияр, Махамбет, Мәмбет, Бекмұхаммед, Нұрмұхаммед, Оразмұхаммед, Қажымұхаммед, тағысын тағы есімдермен атап, жүрегінде Мұхаммед пайғамбарымызды (с.ғ.с.) еске алатын, осылайша ұлы тұлғаға сүйіспеншілігін білдіретін. Тіпті пайғамбарларымыздың аты қойылған күнде де оны қысқартып, Ибраһимді Абай, Ібіш деп тілге жеңілдететін. Мұхаммед Мұхан болатын. Тіпті атақты ақын Шортанбайдың шын аты «Әли Мұхаммед» болғанда да таңғалдық. Расында, пенде болған соң адам баласына қаратылып әртүрлі сөз айтылады. Біресе ашумен, біресе еркелетіп дегендей. Сондайда ұлық есімнің қадірін кетірмейік деген пиғылдан туындаса керек.

Қасиетті әулетке халықтың құрметі ерекше. Айман – қыздың есімі. Қазақтың аты-ақ. Оның Пайғамбардың тәрбиешісі болған Умм Айман деген аттасы болғанын көбі біле бермейді. Ұрқия да қазақтың әдемі есімі Пайғамбарларымыздың қыздарының бірі Рукиямен үндес келетінін ескермейміз. Әсия, Әмина, Патыма, Үммігүлсім, Айша иісі мұсылмандарға осы әулет арқылы танымал болды. Енді осы есімдердің айтылуы мен жазылуын өзгертіп, шұбарландырып жіберді.

Қазақтың тағы бір дәстүрін айта кетейін. Егер таныс адамның есімімен өзінің баласын атағысы келсе, ат сұрайтын жолы бар. Ондағысы сол адамға ұқсасын деп ырымдаса керек. Рұқсатсыз алмаймын деген ибасы да. Мұның көбі ұмытылып жатыр. Халқымыздың ат қою дәстүрі, жолы, ұстанымдарын ұмытпай, соның жолымен есімін қойса, атына лайық азамат болып, адам атауын жоғары алып жүрмес пе еді... Өкінішке қарай, киесі кетіп бара жатқан қасиетіміздің бірі осы нәрестеге ат қою деп айта аламыз.

– Әбілқайыр хан кім? Тарихтағы орнын қалай бағамдаймыз? Бірінші осы сұрақтың басын ашып алсақ.


– Шынында, осы сұраққа тоғыз жыл бұрын Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл болғанда іздене бастадым. Кеңес тарихшылары біздің тарихты бұрмалаған тұсы көп. Мәселен, Әбілқайыр Шибан (Сибан, Шейбанид) ханды КСРО кезінде тек қана Өзбек ханы ретінде көрсетті. Кезінде тарих факультетінде оқыған студенттерге Әбілқайырды қазіргі өзбектермен теңестіре айтушы еді. Тек білімі терең мұғалімдер ол қазаққа жақын Дешті Қыпшақ ханы екенін айтушы еді. Бұл ескіден қалған тұжырымның ақиқатын табу үшін көп іздендім. Енді тарихи хронологияға қарап, Әбілқайыр кім екенін оңай білуге болады. Содан 2015 жылы менің «Әбілқайыр – Шайбан – Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі» деген монографиям шықты. Кейін 2018 жылы кітап қайта басылды. Ал 2020 жылы «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы. Дәрістер курсы» атты кітабым қазақ және орыс тілінде жарық көрді. Ал біз айтып отырған Шибан Жошы ханның кенжесі, ол – Орда Ежен, Бату мен Беркенің інісі. Яғни «төре» тұқымынан.

Деректердің хабары бойынша, 1412 жылдары Әбілқайыр Шибанид Сарайшық қаласының маңында дүниеге келді. Оның аталары және әкесі Дәулет-Шайх Ноғай Ордасының аймағы және Ақ Ордамен шектесетін жерге иелік етті. Ол жастайынан соғыс өнеріне машықтанып, ел басқару ісін үйренді, сөз өнерін меңгерді.

Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш салған Ұрыс хан (Орыс хан емес) 1361-1376 жылдары Сығанақта билік етеді. Осы арада айта кетер жайт, Ұрыс хан – Ақияздың лақап аты. Ислам дінінде лақап аты Мұхаммед болатын, оның мінезі қызу, ашуланшақ болғасын «Ұрысқақ» немесе «Ұрыс хан» деп атап кеткен сияқты. Одан кейін Барақ хан Сығанақты қайта қалпына келтіріп, Ақ Орданы саяси орталыққа айналдыруға күш салды. Барақ қайтыс болғаннан кейін, Темір әулетінің толассыз шабуылынан қала әлсіреп, ондағы билік Шибан ұрпағынан шыққан Әбілқайыр ханның қолына уақытша өтеді. Іс жүзінде Ақ Орда өмір сүруін тоқтатып, оның орнына Әбілқайыр хандығы пайда болды.

1428 жылдары ол Ертістің сол жақ жағалауында, Тобылдың құяр сағасы аумағында Әбілқайыр (Қостанай облысы) хан болып көтерілді. 1430 жылдары Түмен (Шыңғыс-төре, ол қаланы Чинга-Тура деп те айтады) қаласының тізгінін ұстады. Оның Сібір хандығына хан болып баруы заңды еді. Сол кезде Сібірді Шибанның ұрпақтары басқаратын. 1440 жылдары Түменнен оңтүстікке көш ашып, бірінші Есіл өзеніне келіп, сосын Атбасарға, Ұлытауға тоқтайды. Ол атасы Жошы хан мәңгілік тыныштық тапқан Ұлытау даласында бірнеше жыл тұрақтайды. 1446 жылы Ұрыс (Ақияз – Мұхаммед) ұрпақтары қолындағы Сығанаққа келеді. Маңайдағы қалалардың біразы Әмір Темір ұрпақтарының қолында болатын. Парсы тілде жазған Махмұд Қухистанидің жазуынша, Әбілқайыр қалың әскерімен 1444 жылы Қаратаудан түскен кезде шаһар басшылары оған өз еркімен беріледі. Сосын хан мешітке келіп құтба оқып, қаланы басқаруды қолына алады.

Жалпы Әбілқайырдың өмірі Сібірден кейін Қазақстанның батыс, солтүстік, орталық және оңтүстік өңірінде өтті. Сығанаққа орныққан ол Үргеніш, Бұхарды басып алып,



Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанның қаңтар айында Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Татарстан авторлар ұжымы бірлесіп дайындаған «Қазақ хандығы тарихындағы Шибандар (Шейбандар, Шайбақтар) әулеті Ібір-Сібір, Дешті Қыпшақ, Мәуереннахр аймақтарында» атты кітабы оқырманға таныстырылды. Туындының тұсаукесерінен кейін тарихшыны әңгімеге тартып, Дешті Қыпшақтың соңғы ханы Әбілқайыр Шибанның тарихтағы рөлі және тағы басқасы туралы сұрадық.

ТАРИХТЫ ТҮГЕНДЕУ БІР КҮНДІК ІС ЕМЕС

Самарқандты алты-жеті рет шапты. Бірақ ол әрқашан қайта өз елі Дешті Қыпшаққа, қайтадан Сығанаққа келіп тұрақтады. Тағы бір ескеретіні, Әбілқайыр мен оның ұрпақтарының тілі – қыпшақ тіліне (яғни қазақ тіліне жақын), ал өзбек тілі – қарлұқ тіліне жатады. Әбілқайыр ханға бағынған тайпаларды кейін «көшпелі өзбектер» деп атаған. Дешті Қыпшақты балама ретінде «Өзбек даласы» деп те атады.

Ол кезде Әбілқайырдың да, қазақ сұлтандардың да қол астында бүгінгі қазақтың ру-тайпалары бағынды. Мысалы, бүгінгі қазақтың ру-тайпалары: қоңырат, қыпшақ, найман, маңғыт және тағы басқасын айтуға болады. Тіпті кейбір рулар екіге бөлініп, екі жақты қолдады. Бірақ Әбілқайыр хан өлгеннен кейін олар 1470-жылдары Қазақ хандығына қосылды.

Өзбек тарихшылары өз еңбектерінде Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақтан келген Мәуереннахрды тонаған қатыгез хан ретінде көрсетеді. Ал қазіргі өзбектер өз мемлекетін Әмір Темірден бастайды. Осыдан түйетін ой, Әбілқайыр Дешті Қыпшақтың соңғы ханы.

– Қазақ, өзбек этникалық сипатқа қалай ие болды?

– Орда Еженнен тараған хан-сұлтандарға ергендер «қазақ» деп аталып, Ақ Ордаға ие болса, Шайбан әулетінің соңынан ергендер «өзбек» аталып, Мәуереннахрдағы Темір империясын құлатып, мемлекет қалыптастырды. Жалпы «қазақ» сөзі – руларды біріктіруші атау. «Моңғол», «өзбек» сөзінде осындай мән бар, яғни ол политоним атау болып, кейін этноним болады. Шыңғысхан құрған империя ұлттар мен ұлыстарды «моңғол» атауымен біріктірді. Бірақ бұл бір ұлттың атауын көрсетпейді. Моңғол дегеніміз «Мың қол» немесе «Мәңгі ел» дегенге саяды.

Қазақ халқының қалыптасуын түрік этногенезінің басталуына жатқызады. Түркі кезеңіндегі шаруашылық-мәдени өмір кейін түркі халықтарының көбіне тән болды. XV ғасырда Қазақ хандығы тілі мен ділі ортақ ру-тайпалардың бірігуімен құрылды. XVI ғасырда қазақтың этникалық территориясын бірігіп, осы арқылы қазақтың халық болып қалыптасу барысы біржолата аяқталды.

Парсы тілді тарихшы Фазлллах Рузбиханның мәліметінше,

XIII ғасырдан бері «қазақ» атауы жалғасып келгені, XV ғасырдың бірінші жартысында «қазақ» деген этносаяси қауымдастықтың болғандығын және сол кезде «қазақ» деп атануды абырой санағанын айтады. Қазақ – еркін, көшпенді дегенге тура келеді. Бір қызығы, «қазақ» та, «өзбек» те мағына жағынан бір-біріне жақын, екеуі де «еркін», өзіне-өзі қожайын дегенді білдіреді. Екінші жағынан, қазақ термині политонимдік мағынада қолданылды.

1500 жылдардан бастап Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед пен Махмұд Мәуереннахрға ауып, ондағы тәжік те, сарт та «өзбек» болып атала бастады. Яғни «Өзбек» этнонимін Орта Азия жеріне Шибандар әулеті ауыстырды.

– Бір сөзіңізде Әбілқайыр хан Сығанақты құтты қала санағанын, Мәуереннахрдағы қалаларды басып алса да, қайтадан өзінің астанасына келіп отырғанын айттыңыз. Жалпы Сығанақ қаласын қалай танып, дәріптеп жүрміз? Сол жағына тоқталсаңыз.

– Сығанақ қала болып XII-XVI ғасырларда көркейгенде Ясы, қазіргі Түркістан жай қалашық болатын. Сығанақ бір кездері аты мәшһүр шаһар болғанымен, қазір топырақ жұтқан, керексіз, мәңгісіз тарихи орынға айналды. Негізі Сарайшықтан кейін Ұлттық құрылтайды өткізуге сұранып тұрған жердің бірі – Сығанақ қаласы. Мұның рәміздік мәні де бар. Қызылорда қаласы Кеңестік кезеңде ел астанасы болды. «Қызыл» деген сөздің түрік тілінде «алтын» деген ұғымды да береді. Яғни «Алтын Орда».

Сығанақ шаһары парсы, араб, армян, орыс дерек көздерінде көп кездеседі. Ол деректерді мен Ұлық Ұлыс – Алтын Орда тарихында нақтылап келтірген болатынмын. Себебі Дешті Қыпшақтың ең маңызды қалаларының бірі болып санады. X ғасырда өмір сүрген араб географы әль-Мұқаддаси Сығанақты Отырармен кіндігі егіз қала деп көрсетеді. Ибн Хальдун, Мұхаммад Хайдар Дулати, Муншидің еңбектеріне қарағанда, кезінде Сығанақ шаһары Самарқанд, Бұхараға қарағанда әйгілі болғанға ұқсайды.

Орта ғасырда Сығанақтың әйгілі болуының бір себебі – 2 мың жылға жуық Ұлы даланың саяси орталығы саналды. Қыпшақ хандығының (XI-XII ғасыр),

Сұлтандар арасындағы таққа талас пен қаржылық дағдарыс салдарынан билік жүйесі әлсіреп, XV ғасырдың 20-40 жылдары Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Әбілхайыр хандығы, Қырым хандығы, Қазан хандығы болып бөлінді. XV ғасырдың 50-60 жылдары Қазақ хандығы мен Астрахан хандығы еншісін алды

Ақ Орданың (XIII-XIV ғасыр), Әбілқайыр хандығының (XV ғасыр), Қазақ хандығының (XVI ғасыр) астанасы болды. Екінші себебі – Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда-экономикалық орталық болды. Бұл сөзімізге Фазлаллах ибн-Рузбиханның «Шаһарда күн сайын бес жүз түйенің еті қуырылып, кешке қарай одан түйір де қалмайды» деген сөзі дәлел. Үшінші себебі – рухани-мәдени және діни-ағартушылық орталық ретінде бағаланды. Мұндағы мектеп-медреселер, мешіттер, кітапханалар шаһардың даңқын асырды. Тіпті араб-парсы деректерінде Берке хан ислам дінін Сығанақта қабылдағаны жазылған. Ортағасырлық өнеркәсіп орындары қалыптасты, қолөнер жақсы дамыды, егін және мал шаруашылығымен әйгіленді. Қаланың маңында жүзім, алма бақтары болды және жабайы ешкі, жабайы қой және басқа да жануарлар өріп жүрді. Мұндай деректерді араб, қытай, парсы, ортағасырлық түркі ғалымдары еңбегінен табуға болады.

Еуропалық көпестер, саяхатшылар, дипломаттар Ұлы Далаға көптеп келіп, Сығанақ қаласына арнайы тоқтады. Олардың ішінде, Марко Поло, Рубрук Вильгельм, Плано Карпиниды бөліп-жармау керек. Рубрук пен Карпини саяхатында Бату мен Беркеңі көріп,

Ұлық Ұлыс халқының өмір сүру салтын біліп, қала мәдениетін бағдарлады. Гетум деген армян патшасы Қарақорымға бара жатқанында Сығанаққа тоқтағаны жазылады.

Қала үшін Ақ Орда хандары мен Темір ұлысы арасында, кейінірек Қазақ хандары Бұрындық, Қасым мен көшпелі өзбек ханы Мұхаммед Шайбани, оның ұрпақтары таласып, талай кескілескен соғыстар орын алды. Осыдан-ақ уақытында қаланың саяси мәні зор болғанын пайымдаймыз.

– Қазақ хандары мен Шайбанилер Сығанақ шаһарына көп таласу себебі неде?

– Керей мен Жәнібек Орда Еженнен (кей авторлар Тоқай-Темірден дейді) тараса, Әбілқайыр Шибаннан тарайды. Екеуі де – Жошының ұлы.

Ұрыс хан мен оның ұрпақтары Ақ Орданың билеушісі ретінде, Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақтың билеушісі ретінде Сығанаққа иелік етті, әрі Орда Еженнен (Тоғлық-Темірден) тараған хандар және Әбілқайыр хан өзі де кейбір балалары да, мысалы, тұңғышы Шах-Бұдақ Сығанақ қаласының маңына жерленгені анық. Кесене де сол жерде бар. Ұлттық тағылымда ата-бабасы жатқан жерді өзінің отаны санайды емес пе? Яғни қазақ хандары да, шибанилер де Сығанақ қаласына таласуы – заңдылық. Олар бабасының билік еткен қаласы ретінде қарап, өз иелігіне қайтаруға тырысты.

– Енді әңгімемізді Ұлық Ұлысқа бұрсақ. Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, империяның 800 жылдығын атап өтеміз. Біз Ұлыстың заңды мұрагеріміз бе?

– Мемлекет басшысы ел тарихының мыңжылдық межесін белгілеп, терең зерттеуге пәрмен берді. Біле білсек, мұның саяси мәні зор.

Ұлық Ұлыстың шығыс бөлігі Ақ Орда деп аталды. Алып империяның тағында Жошының ұрпақтары билік етсе, Жәнібек пен Керей – Жошының тікелей ұрпағы. Қазақ хандары кімнің жолын, кімнің идеясын жүзеге асырды, әрине, Жошы ханның мақсат-мұратын жалғастырды. Яғни біздің тарихымыз терең. Ең басты дәйек, Ұлы Далада Жошы Ұлысы салтанат құрып, мемлекеттіліктің негізі қаланды десек, сол елдіктің еңсесін тіктеп, тұғырын бекіткен жер – Ұлытау. Президент алғашқы Ұлттық құрылтай өткізетін

орын ретінде осы жерді тандауы кездейсоқтық емес. Мұның астарында Жошы Ұлысының заңды мұрагеріміз деген идея жатқаны анық.

Жошы ұлысының аймағында құрылған империя – Ұлық Ұлыс деп аталып келген-ді, тек XVII ғасырда ғылыми айналымға «Алтын Орда» атауы енді. Бұл сөзді алғаш поляк тарихшысы, дипломаты Ян Длугош, ал кейін неміс географы Христиан Краузе қолданды.

Сұлтандар арасындағы таққа талас пен қаржылық дағдарыс салдарынан билік жүйесі әлсіреп, XV ғасырдың 20-40 жылдары Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Әбілхайыр хандығы, Қырым хандығы, Қазан хандығы болып бөлінді. XV ғасырдың 50-60 жылдары Қазақ хандығы мен Астрахан хандығы еншісін алды. Ұлық Ұлыстың құрамында болған ру-тайпаның 99 пайызы кейін Қазақ хандығын құрды. Бізден алшақ қалған тайпалар – Шырын мен Барын, тағы ұсақ бірнеше тайпа татар не өзбекке кетті. Сондықтан Алтын Орда билігінің барлық элементтері: басқару жүйесі, салт-сана мен дәстүр-дағдысы жалғасты һәм жаңғырды. Тіпті жер-су атауларынан сабақтастық табуға болады.

– Неге империя тарихы толық зерттелмей келеді?

– Кезінде Кеңес билігі ортағасырлық империяның тарихын зерттеп, насихаттауға шектеу қойды. Тек Татарстан тарихшылары батылдық танытып, «Әлем тарихындағы Алтын орда» атты үш томдық кітап шығарды. Қазақстанда бұл тақырып «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында кеңінен зерттеле бастады. Бұған дейін академик Әлкей Марғұлан, Сұлтан Тұрсынов (ол кісі Ресейде тұрады), Вениамин Юдин, Клавдия Пищулина секілді тарихшылар Ұлық Ұлыс – Алтын Орданың тарихынан азды-көпті еңбек жазды. Сондай-ақ ғалымдар Меруерт Әбүсейітова, Бекет Кәрібаев, Радик Темірғалиев Орда тарихын зерттеуде зор үлес қосуда.

Ұлы мемлекеттің тарихын жазу бір күндік іс емес. Дайындалып жатқан «Қазақстан тарихының көп томдығында» Ұлық Ұлыс арнайы қамтылып, тарихтағы орны жан-жақты көрсетіледі.

– Соңғы сұрақ. Тәуелсіздік жылдары ұлт тарихын қаншалықты жаза алдық?

– «Мәдени мұра», «Тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында араб, парсы, қытай, армян тіліндегі дерек көздерінен құнды мәліметтер алдық. Сондай-ақ Египет, Франция, Түркия, Моңғолия, Ресей, Ұлыбритания еліндегі архивтегі құжаттардан Қазақстанға қатысты құжаттық-мәліметтер Шығыстану институтына жеткізіліп, арнайы орталыққа құжаттар жиналуда. Алашорда тарихы белгілі бір деңгейде зерттелді. Ұжымдасыру тақырыбында біраз ақиқат айтылды. Ұлы Отан соғысы туралы жазылып жатыр. Енді сақ дәуірі мен Түрік қағанаты тұсынан бастап кезең-кезеңімен талданып, ұлттық тарихымыздың концепциясын түзіп, тарихи жадымызды ояту міндеті тұр. «Қазақстан тарихының көп томдығында» осы міндеттер орындалатыны анық.

Өз басым, 40-тай зерттеуші-ғалыммен бірлесіп, қазіргі Қазақстан тарихын саралаудамыз. Сол секілді, сақ-ғұн дәуірі мен түрік қағанаты тұсы, ислам дінінің келуі, Ұлық Ұлыс дәуірі қамтыған кезеңдерді ғалымдар тобы бірлесе зерттеп, ұлттық тарихымыздың концепциясын түзіп, жазуда.

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

ЖАҢА БАСТАМА ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА



Астана қаласының тұрғыны Ұлғаным Есімова өткен жылы өз құқығын қорғау үшін Конституциялық сотқа жүгініп, қылмыстық істегі даудың аражігін ажыратып алуына мүмкіндік туғанын айтады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2023 жылдың 1 қаңтарында құрылған бұл құрылым еліміздегі ең басты жаңашылдық болғанын көпшілік мойындап отыр.

Ата Заңға қайшы келетін нормаларға шағымдану, сол арқылы өздерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау республиканың әр азаматына ашылған мол мүмкіндік болды. Сондай-ақ мұндай құқық Бас прокурор мен адам құқықтары жөніндегі уәкілге де берілді. Бұл қадамды ел тұрғындары құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды ілгерілеу деп бағалады. Мұнда өтініштерді қарау тәртібі жалпы соттардағы

іс жүргізу үдерісінен түбегейлі ерекше. Сондықтан сала қызметкерлері өткен жылы қызмет сапасын жандандыруға бағытталған стратегиялық және операциялық менеджменттің жаңа моделін енгізді. Ал жыл басында соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің орнына сот әкімшілігі құрылып, ол айрықша мәртебеге ие болды. Бала – қоғамның болашағы. Осыған орай кейінгі кезде сот саласы «Қазақстан Республи-

касының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен толығып отыр. Бұл – көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құзыретін кеңейту деген сөз. Енді соттардың қарауына азаматтық істердің бірқатар санаты беріліп, көмелетке толмаған ортақ балалары бар

ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу, алимент төлеу, оның мөлшерін өзгерту, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, көмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау, сондай-ақ Қазақстанға заңсыз алып келген немесе ұсталып отырған баланы кері қайтару сияқты, тағы да басқа көмелеттік жасқа жетпегендердің заңды құқықтары мен мүдделері қозғалатын істер мен даулардың барлығын қарау құқығын алды. Ата Заңмен айқындалғандай, судьялар сот төрелігін атқару кезінде тәуелсіз, тек Конституция мен заңға ғана бағынады және олар нақты істер бойынша есеп бермейді. Демек, ешқандай да мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдар қайсыбір түрде болса да судьяларға ықпал жасай алмайды. Сондықтан, күштік құрылымдар тарапынан судьяларға қандай да бір қысым жасау тетіктерін болдырмау үшін оларға қатысты жасырын арнайы жедел іс-шаралар Бас Прокурордың санкциясы болған кезде ғана жүргізілетіні заңнамалық тұрғыда бекітілді. Бұрын мұндай әрекеттерге облыс прокурорларының санкциясы жеткілікті болатын.

Саладағы барлық реформа азаматтардың бұзылған құқықтарын тез арада қалпына келтіріп, сот арқылы қорғалу мүмкіндіктерін одан әрі арттыруға, сол арқылы сотқа деген сенімді нық қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан, жаңа бастамалар мен игі істер үздіксіз жүргізіліп, жылдан-жылға жалғасары анық. Бұл ретте Жоғарғы Сот пен сот әкімшілігі тарапынан іске асырылып жатқан реформалар өз нәтижесін беруде.

Руслан БОЛҒАНБЕК,
заңгер

Балалық шақ – адамның ең маңызды кезеңі, осы кезеңде салауатты, табысты және бақытты өмірдің негіздері қаланады.

КЕЛІСІМ ЗАҢДЫ БОЛА БЕРМЕЙДІ

Адамды көмелетке толғанға дейін бала деп санауға болады, тек 18 жастан кейін ғана оған іс-әрекеті мен жеке өмірі үшін толық жауапкершілік жүктеледі.

Алайда кейбір ересектер тарапынан «өзара келісім болды» дегенді желеу етіп, көмелетке жасы толмағандармен жыныстық қатынасқа түсетін жағдайлар бар.

Мәселен, өткен жылы Астана қаласында көмелетке жасы толмағандарды жыныстық қатынасқа түсуге итермелеу қылмысы үшін 17 адам сотталды.

Жағдайдың басым көпшілігінде (17 деректің 13-і) ер адамдар 16 жасқа толмағандармен «өзара келісіммен» жыныстық қатынасқа түскен. (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122-бабы).

Айталық, 25 жасар А. есімді азамат 14 жасар қызбен жыныстық қатынасқа түскені үшін Астана қаласы көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданара-

лық сотының 2023 жылғы 9 маусымдағы үкімімен 2 жылға бас бостандығы шектелді.

Тіпті кей кезде қыздың ата-анасының келісімі, жігіттің қыз көмелетке толғаннан кейін некеге тұруға ұмтылысына қарамастан, мұндай әрекетті заң жазалайды.

Кейінгі кезде жиі бой көрсете бастаған осындай қылмыстардың негізгі себептері олардың бойына қаршадайынан имандылық пен ізгілік тәрбиесінің сіңірілмеуінен, құқықтық сауаттылықтарының төменділігінен және ата-аналары тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігінен деп түсінеміз.

Сондықтан қала прокуратурасы тараптардың өзара келісіміне қарамастан, 16 жасқа толмаған жасөспірімдермен жыныстық қатынасқа түсу қылмыстық әрекет ретінде қатаң жазаланатынын ескертеді!

Айдын БЕКИН,
Астана қаласы
прокуратурасының
басқарма прокуроры

«ЕУРОХАТТАМАНЫҢ» АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Өткен жылы жол-көлік оқиғаларын «жеңілдетілген тіркеуді» жүзеге асыру аясында жүргізушілерге ыңғайлы болу үшін «Еурохаттама» мобильді қосымшасы енгізілді. Осыған сәйкес елордада 142 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті.



Енді екі көлік қана жол апатына ұшырап, оларға 369 мың теңгеден (100 АЕК-тен) аспайтын материалдық шығын келсе, жол-көлік оқиғасын тіркеу үшін полиция шақырудың қажеті жоқ.

Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, жүргізушілер зақымдалған бөлшектерді суретке түсіріп, хаттама толтырып, сақтандыру компанияларына тікелей залал туралы талап-арыз жібере алады.

«Мұның артықшылығы неде?» дейтін сауалға түсінікті болу үшін айта кетейік. Өткен жылы елордада жол-көлік оқиғасы салдарынан сот 29 мыңға жуық жүргізушіге айыппұл салып немесе көлік жүргізу құқығынан айырған. Бұл бастама соның алдын алуға себепші болуы керек. Бұған дейін жол-көлік оқиғасына байланысты

сақтандыру төлемін алу 60 күнге дейін созылуы мүмкін болса, қазір тіркеуден бастап төлемдерді алғанға дейін шамамен 5 күн қажет болады. Осыған орай кейінгі кезде жол-көлік оқиғаларына қызмет көрсететін полиция жасақтарының саны қысқартылууда. Ал қысқарған күштер мен жасақ құралдары заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Еурохаттаманы енгізу полиция мен тұрғындар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестірудің тағы бір оң қадамы ретінде бағаланып отыр.

Эльмира ШАУЛЕНОВА,
Астана қаласы
Полиция департаменті
ішкі және сыртқы
коммуникация
бөлімінің аға инспекторы

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Қоғамның бейбіт тіршілік етуі – әрқашан тәртіпке негізделеді. Белгілі бір қағидаға бағынған жүйе болмаса, ол мемлекеттің келешегі күмәнді болып, құлдырауы тез болады. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да әрқашан заң үстемдігін орнатудың жолдарын қарастырған. Жасыратыны жоқ, бізде бұған мойынсұнғысы келмейтін азаматтар да аз емес.

Құқық бұзушылық, қылмыс жасау – қоғамға жат құбылыс. Алайда адам өмір сүрген ортада ол әрқашан орын алады. Құқық бұзушылық – заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Бірақ, ол шартты құбылыс екен деп оны әдетке айналдыруға, қабылдауға да болмайды.

Қылмысқа тосқауыл қою жолы – жаза. Тура жолдан тайып, айналасына қиянат жасағандарды түзеудің, шектен шыққан тәртіп бұзушылықты ауыздықтаудың жазадан басқа тиімді жолын адам баласы әлі ойлап тапқан жоқ.

Ағаттықпен қылмыс жасаған кейбір адамдарға жеңілдікпен қарап, кешірім жасауға болатын шығар. Бірақ, қоғам игілігіне қол салып, өз мемлекетін тонаған жемқорларға жеңілдік болмауы тиіс. Олар мемлекеттен саналы түрде жымқыру арқылы оның экономикалық іргетасын шайқалтып, тәуелсіз елдің ертеңіне балта шауып отыр. Сондықтан оларды ауыздықтау үшін жазаны күшейту керек. Әйтпесе, бұған



дейін болып келген және биліктің барлық тармағын жайлап алған сыбайлас жемқорлық түптің түбінде жарға жығады. Адамды қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі «заңды сыйлаған, еркін жүредіні» ұғындырып, алдын алған әлдеқайда тиімді. Бұл

жұмыстың нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге көмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге, тәрбиені тал бесіктен бастауға байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық

санасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауынан, заң талаптарына өз талаптарын қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан, оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие көмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі ұстанымдарын біліп қана қоймай оны меңгере білуіне, түсіне алуына үйрету қажет. Жас ұрпақтың адамгершілік, ұлтына деген жанашырлық сезімін дамытып, Отан алдындағы міндеті мен борышын адал атқаруға деген оң көзқарасын қалыптастыруды мақсат етсек, сол миссияны әр ересек адам орындай алса, мәңгілік ел бола аларымыз хақ.

Аристотель: «Қылмысқа сылтау ғана керек» депті. Сондықтан баланы мектепке сабақ оқысын деп беріп қана қоймай, шаңырақтағы әңгіме мен отбасындағы тәрбиені түзеп, тыйылу керек тұстарын қайталап отыру маңызды. Бала естігенін айтады, көргенін істейді.

Гүлсина АШЫҚБАЕВА,
Астана қаласының
азаматтық
істер жөніндегі
ауданаралық сотының
бас маманы-сот отырысының
хатшысы

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Казір заман өзгерді, қоғамның дамуына, шаруашылық тәсіліміздің өзгерісіне ілесіп, ұлттық тәлім тәрбиеміз бен ұлттық мінезімізде де үлкен бұрылыс болды. Бұрын ұрпақты ата-анасы тәрбиелесе, қазіргі ұрпақтардың алатын тәлім-тәрбиесі де өзгеше. Ата-ана, мектеп және қоғамдық орта деп аталатын ошақтың үш пұты сияқты үш үлкен тәлім-тәрбие жүйесі қалыптасқан. Кейінгі жылдары интернет әлемі де бала тәрбиесіне үлкен ықпал жасай бастады. Былайша айтқанда, бұрын «ел боламын десен, бесігінді түзе» деп түйіндеген қазақ, енді «ел болам десен, экраныңды түзе» дейтін кезеңге келді. Міне, осыған қарап-ақ, қазіргі бала тәрбиесі де үлкен сынақтарға деп келгенін аңғаруға болады.

Әрине, бала тәрбиесінде өнер-білім үйрену жағында дамыған елдердің бала тәрбиелеуіндегі озық тәжірибесін үйренуге болғанымен, сол баланың бойына елін, жерін, ұлтын сүйетін ұлтжандылық қасиетті біреуден көшіріп үйрете алмайсың. Өйткені туған еліне, ұлтына деген өшпес рух та – ананың сүті, туған жерінің топырағынан даритын қасиет. Яғни бала кішкентай кезінен туған ел, туған жерінің қадір-қасиетін сезініп өспесе, оның жүрегіне отаншылдық пен елімшілдік қасиет тамыр жаймайды.

Қазақ «өкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп түйіндегенімен, бұрынғыдай қызды шешесі, ұлды әкесі ертіп жүріп тәрбиелейтін дәуірдің де заманы өткен. Ендеше, «қызды шеше емес, көше тәрбиелейтін» қазіргі дәуірде жас аналарымыз ұлттың ұлы тәрбиесі – қыз тәрбиесіне қаншалық көңіл бөліп жүр?! Бұл туралы Бауыржан



ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ҰЙТҚЫСЫ

Отбасы үшін ұрпақ тәрбиесі қандай маңызды болса, сол ұрпақтың санасына елін, жерін, ұлтын сүйетін отаншылдық тәрбиені сіңірудің мәні тіптен бөлек. «Балапан ұядан нені көрсе, ұшқанды соны іледі» деп «баланы бастан» тәрбиелеген қазақ отан ұғымының отбасынан бастау алатынын да назардан қағыс қалдырмаған. Оған қазақтың бесік жырларындағы бесікте жатқан баланы отаншылдыққа, елін, жерін жаудан қорғауға шақырған жыр жолдары айғақ.

Момышұлының келіні, белгілі қаламгер, зерделі ана Зейнеп Ахметова былай дейді: «Қыз тәрбиесін назардан шығарып алғанымыз жасырын емес. Бұған қыздарымыздың қалай болса солай: ашық-шашық киініп, кіндігін көрсетіп жүргені дәлел. Жас қыздардың көшеде ашықтан-ашық темекі шегіп, сыра ішіп жүргенін көріп жүрсек те, мән бермеуге

айналдық. Олардың ертеңгі ана екенін естен шығарып жүрміз. Ал біздің ата-бабамыз балалық дәурені өтісімен қызға дұрыс тәрбие беруді қолға алған. Қыз – аз күнгі қонақ деген. Сондықтан да күні ертең келіп болып түскен жерінде ата-анасына, ауылына сөз келтірмеуін алдын ала ойлаған. Ескі қоғам – ескіліктің қалдығы емес, мәдениеттің озық заманы

болған. Әттең, қазір соның бәрінен айырылды! «Қыз тәрбиелеу – ұлт тәрбиелеу деген сөз. Біздің әр үйде өсіп жатқан қаракөз қыздарымыз – бәрі қазақтың болашақ ұрпағының анасы, ұлттың әжесі. Сондықтан, қызымызды ата-баба дәстүрімен, қырық үйден тыйым салатын салықалы салтымызбен өсіруіміз керек. Әр халықтың өзіне ғана тән дәстүр, салты

бар. Егер сол жолдан аттасаң, онда тамырыңнан айырылып, азғындық жолға топ ете қаласың. Өйткені салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ар-иба – ұлттың рухани коды». Бауыржан демекші, сол Баукең де бір сөзінде «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын. ...» деген екен. Бақсақ, бұл сөздердің астарында да ұрпақ тәрбиесіндегі негізгі салмақ тағы да әйелге түседі деген үлкен философиялық пайым жатыр.

Мың жылдың алдында жазылған «Қабуснамада»: Әйел алмақшы (үйленбекші) болсаң, оның дүние-мүлкін сұрама... Әйелдің табиғаты таза, діні таза болса, күйеуіне (еріне) дос болады. Қалыңдық ержеткенде, ақылды болуы, анасының бәйбіше, әкесінің отағасы болғанын көрген хәм білгені болуы ләзім деп жазылған. Ойшыл Ризауддин Ибн Фаруддин «Әйелдері тәрбиелі болған халық – тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық – тәрбиесіз. Әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талапты болса, халқы бай, ал жалқау, салақ болса, халқы пақыр, кедей болады» деген екен. Міне, бұдан әйелдің отбасындағы рөлі қашанда жоғары болғанын аңғаруға болады.

«Әйелдің барлығынан да жоғары міндеті – ана болу, дүниеге ұрпақ әкелу, отбасының жылуын сақтау. Өкініштісі, бүгінгі таңда отбасында берілетін тәлім-тәрбие мен дәстүрлі отбасылық құндылықтарымыз құлдырап, отбасы институтының мәртебесі төмендеп кетті» деп сөз бастады

белгілі этнолог, «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Шәкен Тұрар Сәттарқызы. – Әр отбасы – мемлекеттің бір бөлшегі. Отбасындағы келеңсіздіктер мемлекетке де әсер етеді. Отбасы біреудің жеке өмірі сияқты болып көрінгенімен, оның ар жағында тұтастай ұлттың тағдыры жатқанын мойындауымыз керек. Кейінгі кезде шаңырақ көтерген жастардың ажырасуы жиілеп, жылдан-жылға көбеймесе, азаймай тұр. Мұның түп-төркіні материалдық қиындықтар, мінездің жараспауы емес, «Тәлім – табалдырықтан» дегендей, отбасында берілген тәлім-тәрбиенің кемшіндігінде жатыр. Біздің мемлекетте кез келген мәселенің себебімен емес, салдарымен күресеміз. Тәрбиемен айналыспаймыз, «Аналар үйі», «Дағдарыс үйі», «Жемқорлыққа қарсы күрес» сияқты толып жатқан «салдармен күресетін» орталықтар ашып, оларға миллиардтаған қаражат бөлеміз. Олардың барлығы «Болары болып, бояуы сіңген» нәрсемен «күресуде». Керісінше, ұлт болмысына сай ұрпақ тәрбиесімен айналысатын орталықтар жоқтың қасы. Болса да, оның бірегей бағдарламасы жоқ.

Тұрар Сәттарқызының бұл пікіріне біздің де алып-қосарымыз жоқ. «Ұлтыңды сақтаймын десен, қызыңды тәрбиеле, рухыңды сақтаймын десен, ұлыңды тәрбиеле» дегендей, ұлттық тәрбиеміз ананың алдынан, атаның қасиетті сөздерінен бастау алатынын естен шығармауымыз керек. Бір ауыз сөзбен айтқанда, ер адамның орны көтеріліп, әйелдің жауапкершілігі айқындалмай, саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеу де қиын. Өйткені өзі балаларының әкесін сыйламайтын әйел қызына «күйеуіңді хандай күт, ата-еңеңе мейірімді бол, сонда отбасың берекелі, өмірің мерекелі болады» деп тәрбие бере алмайды.



Индира
БЕРЖАНОВА

Патрульдік полиция қызметі – қоғамдағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін елдегі аса маңызды құрылымдардың бірі. Тәртіп сақшыларының кәсіби біліктілігі мен сертіне беріктігінің арқасында қоғамда тұрақтылық қалыптасуда. Ал бас қаланың тыныштығын қамтамасыз етіп, ел ішінде тәртіпті жіті назарда ұстауда талмай қызмет етіп келе жатқан азаматтың бірі, біздің кейіпкеріміз Талғат Қойшыбаев бұл салаға кездейсоқ келмеді. Әкесі де ішкі істер органдарында қызмет еткен, сондықтан ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, әкесінің ізінен еріп, өзі секілді жігерлі де талапты, алдына нақты мақсат қоя білетін жігіттердің керектігін сезініп, белді бекем бұғанын айтады. Қызылорда қаласының тумасы Отан алдындағы борышын өтеп, әскери міндетін орындап, елордаға арман қуып келеді. 2002 жылы қызмет жолын Патрульдік полиция полкінің қатарынан

бастаған ол бүгінгі күні де 22 жыл қатарынан осы құрылым сапында қызмет етеді. Уақытпен санаспай, күндіз де, түнде де қызмет орнынан табылып, талай құқықбұзушылықтар мен құрылыстардың алдын алып, жүресіп жүрген полиция қызметкері үшін бұл аз уақыт емес, әрине. Жұмыс істей жүріп, Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясында сырттай білім алған ол – қазірде полиция капитаны. Оңы мен солын таныған, қызметінің қыр-сырын меңгерген, ішкі істер саласының ұңғыл-шұңғылын жетік білетін тәжірибелі маманға айналды. Патрульдік полиция полкінде өзінен бөлек тағы төрт кезекші жұмыс істейді. Десе де, араларындағы жасы үлкені әрі тәжірибесі мол Талғат Қойшыбаев «бір салада адал жұмыс істеп, абыроймен зейнетке шығу арманым» дейді.

«Полиция қызметкері болу – тек погон тағып жүру емес. Сен әрдайым, әр минутта айналаңның бәріне жіті қарап, заң аясынан шыққан кез келген әрекетті қалт жібермей бақы-

лауда ұстауың қажет. Осы ұзақ жылғы қызметтен менің ойға түйгенім, полиция қызметкері ең бірінші психолог болуы керек екен. Өйткені әртүрлі шақыртуға барғанда ол жердегі адамды бір көргеннен-ақ оның пиғылын «танып-біліп», сәйкесінше өзіңнің қалай әрекет жасайтыныңды тез арада жоспарлап үлгеруің керек. Жағдайдың қалай болатыны сенің жедел шығарған шешіміңе тікелей байланысты. Адамдардың да мінезі жібектей емес. Ұялы телефон камерасын алып, бірден бейнежазбаға түсіреді не әлдебіреуге хабарласып, айыппұл төлемеудің амалын жасап жатады. Кейбіреу жол ережесін бұзғаны туралы дәлелдеме сұрайды, ал оны алу үшін жедел басқару орталығына бару қажет. Хаттама алуға дейін процесс ұзақ уақытты алып қалуы мүмкін. Айына екі не төрт күн ғана демалып, 13-14 сағатқа созылатын жұмысқа әркім шыдай бермейді. Сондықтан біздің қызметімізде ең әуелі әр жағдайда сабырлық таныту өте қажет» дейді полиция капитаны.

Жұмысын таңертең 4.30-да бастайтын ол ең әуелі құжаттарын алдын ала дайындап, бір күндік шаралар тізбесін нақтылап, жеке құрамға жеткізерден бұрын пысықтап алады. Күндізгі уақытқа 160-қа жуық адам желіге шығады екен. Кейін барлық жеке құрамды табельдік қарумен қаруландырып, сапқа тұрғызып, іс-шаралар туралы ақпаратты жеткізеді. Ал түнгі ауысымда берілген табельдік қаруларды қабылдап, жеке құрамның жұмыс нәтижелерімен танысады. Жеке құрамға нұсқаулық беріп, олардан болған оқиғалар жайында баяндама тыңдап, оны басшылыққа жеткізетін кейіпкеріміздің қызметі ортадағы «алтын көпір» іспетті.

Полицияда қызмет ету бір жағынан абыройлы міндет болса, екінші жағынан, қауіпті жұмыс екені мәлім жайт. «Күн сайын қызметте жүргенде бізге әртүрлі шақырту түседі» дейді полиция капитаны. – Әсіресе, елорданың түнгі клубтарында ішімдікке салынған азаматтар арасында болатын топтық төбелес бойынша шақыртулар жиі түседі.

Одан бөлек, мысалы, өткен аптаның бір түнінде ұрлық жасап, қашып кеткен күдікті ұсталды. Жеке құрам тексеру барысында арнайы планшет арқылы ол кісінің 188-бап бойынша ұрлық жасағанын анықтады. Сол секілді құқықбұзушылық жасап, қылмыстық іс-әрекеттерге барған азаматтар үнемі тексеріліп тұрады. Алайда полиция тарапының түсіндірме жұмысынан соң да сол азаматтардың нәтиже шығарып, бұл әрекеттерге қайта бармауы өте аз кездеседі. Әрине, ол адамның өзіне де байланысты. Патрульдік полиция үнемі жолда жүретіндіктен, кей оқиғалар барысында Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушыларынан не жедел жәрдем қызметкерлерінен бұрын барып жататын жайттар да жиі кездеседі. Мысалы, бір жағдай есімде, Республика даңғылы бойында үлкен қран қирап, адамдардың үстіне тас құлаған. Сол кезде тек бір жедел жәрдем көлігі келген еді. Кейін мен зардап шеккен адамдар саны көп екенін түсіндіріп, көбірек операциялық бөлім көліктерін сұраттым. Себебі жағдай күрделі болды, – деп қосты спикер.

Патрульдік полиция қызметіне қызығып, тағылымдама өтуге келген не жұмысқа енді орналасқан жас буын кейіпкеріміздің оқуынан міндетті түрде өтеді. Ол осы саланың қызығы мен шыжығы туралы кеңірек айтып, ер жағдайда дұрыс әрекет ету жолдарын үйретуден жалықпайды. Айтуынша, қызметкердің осы салаға икемделіп қалуы немесе жұмыстан шығып кетуі жасынан берілген дұрыс нұсқамалар арқылы жүзеге асады. Қызметіне адал Талғат Қойшыбаев – екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған әке. Үлкен қызы әкесінен үлгі алып, болашақта қызметін ішкі істер органдарымен байланыстырғысы келеді, сондықтан бүгінде заң академиясының бірінде оқиды.

Қақаған аяз бен ақ түтек боранға қарамай қызмет ететін полиция қызметкері жұмысы халықпен тығыз байланысты. «Жұртқа жақын полиция» қағидатын берік ұстанған Талғат Қойшыбаев атақ-абыройдан бұрын халық үшін жұмыс істеймін дейді. Бірқатар жылда түрлі оқиғалардың куәгері болғанын айтады.

«Қабанбай батыр даңғылының бойындағы көпір маңында суға түсуге тыйым салынбаған уақыт еді. Бірде екі әйел адамның айқайы естілді. Сол маңда жүргеннен келіп барсам, ер адам суға батып бара жатыр екен. Бірден әрекет етіп, жағаға шығарып, құтқарамын дегенше бір сағаттан астам уақыт кетті. Судан шығарып, ер адамның есіне жинауға көмектесіп жатқан уақытта рациядан мені басшылық құрам іздеп жатқанын естідім. Жұмыс орныма барсам, жеке құрамның барлығын сапқа тұрғызып, менің орнымда болмағаным үшін оларды сөгіп жатыр екен. Сол кезде жаңағы аман қалған ер адам басшылыққа құтқарғанымды жеткізсе керек. Өзі де маған алғысын айтып, тіпті ақысын ұсынған еді. Ал мен үшін ол маңызды болмады, бастысы – қызметімді одан әрі жалғастыру» деп еске алды болған оқиғанын бірін спикер.

Міне, бұл – тәртіп сақшыларының күнделікті қызметінде кездесіп жататын қатардағы оқиғалардың бірі. Дегенмен қылмыскерді жалаң қолмен ұстаудың өзі кез келген адамның қолынан келе бермейтін іс екені рас. Ол бұзақының қолында пышақ секілді суық қаруы да болуы мүмкін. Сені өлтірмесе де, жарақаттап кетуі ғажап емес. Бірақ адамдардың қауіпсіздігін ойлаған полиция қызметкерлері ең алдымен өз өмірін емес, өзгенің тыныштығын бірінші орынға қоютыны белгілі жайт. Сол табандылығымен де олар әрдайым құрметке лайық.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ТАБЫС ТЕҢСІЗДІГІ

Табыс теңсіздігі – бұл әртүрлі адамдар мен әлеуметтік топтардың арасында табыс бөлінуіндегі айырмашылықты сипаттайтын көрсеткіш. Коэффициент арқылы мемлекеттің даму деңгейін және адамдардың өмір сүру сапасын анықтауға болады. Табыстың теңсіздігі экономикалық тұрғыда ғана емес, саяси әсері айқын көрініп, ЖІӨ өсуінің баяулауына, кірістің мобильділігі төмендеуіне, кедейлік деңгейінің жоғарылауына әсер етеді.

1980 жылдан бері әлем елдерінің тұрақтылығын саралағанда табыс, байлық және мүмкіндік теңсіздігіне баға беру дәстүрі қалыптасты. 44 жыл бұрын әлемдегі табысы ең жоғары 1 пайыз адамның (75 миллион адам) қалтасына әлемдік кірістің 27 пайызы түссе, табысы төмен 50 пайыз адамдар (3,7 миллиард адам) жалпы кірістің 13 пайызына ие болды. Содан бері, табыс теңсіздігінің арақатынасы алшақтап, байлар байыған үстіне байып, кедейлер кедейлене түсті.

Табыс теңсіздігін бағалаудың танымал көрсеткішінің бірі – Джини индексі. Италия статисі Коррадо Джини әзірлеген теңсіздік теңдеуі байлықты бөлудің статистикалық өлшемі саналады. Рейтингітің бұл түрі бойынша Норвегия 22,70 пайызбен көш бастаса, одан кейін Словакия (23,20) мен Словения (24,00) орналасты. Ал табыс теңсіздігі Африка елдерінде өте жоғары. Мәселен, Оңтүстік Африкада – 63,00 пайыз, Намибияда – 59,10 пайыз, Суринамда 57,90 пайызды құрайды.

Halyk Finance аналитикалық орталық жетекшісі Санжар Қалдаровтың сөзінше, Қазақстан халқының жартысына жуығы айлығы төменгі жалақыдан аз, әрі табысының жартысынан астамын азық-түлікке жұмсайды. Елдегі байлардың үлесі 10 пайыз болса, олар ұлт байлығының 60 пайызына иелік етеді. Байлық теңсіздігі бойынша Қазақстан Африка елдерімен бір қатарда. Демек, дамыған елдермен салыстырғанда экономикалық теңсіздік тең емес, халықтың әлеуметтік әлеуетін арттыруда салық заңнамасына өзгеріс енгізіп, есеп пен статистиканы, өзін-өзі басқаруды жетілдіре түсу маңызды.

– Қазақстанда табыс теңсіздігінің негізгі проблемасы – еңбекақы мөлшері төмен. Take-profit.org порталы жариялағандай, Швейцарияда ай сайынғы ор-



Елдегі байлардың үлесі 10 пайыз болса, олар ұлт байлығының 60 пайызына иелік етеді. Байлық теңсіздігі бойынша Қазақстан Африка елдерімен бір қатарда.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТЕР ФОРМАСЫ

2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан байлығының тең жартысы бар-жоғы 162 адамның қолында» деген еді. Содан бері не өзгерді? Әлеуметтік әділеттілік принциптері қаншалықты орнады? 2023 жылы кепілсіз тұтынушылық кредит 9,5 триллион теңгеге жетсе, 8,6 миллион адамның қаржы институттарына қарызы бар. Өткен жылы бір ғана «Халық банкі» акционерлеріне 276,8 миллиард теңге дивиденд төлеуді шешті. Теңсіздіктің бір мәнін осылай ашуға болады.

таша жалақы мөлшері – 7442 доллар, Люксембургте – 6692 доллар, Данияда – 6341 доллар, Сингапурде – 4588 доллар, Норвегияда 4976 доллар құраса, Қазақстанда – 657 доллар. Айырмашылығы – 6-10 есеге дейін. Бір ғана Норвегияның негізгі табыс көзі мұнай болса, біздің елде мұнай-газдан бөлек, түсті және қара металлургия, уран тағы басқа сирек кездесетін маталдар бар. Солай бола тұра, салыстырмалы түрде орташа жалақы мөлшері төмен, – деді әлеуметтану магистрі Айнұр Айнарбек.

БАЙЛЫҚ ТЕҢСІЗДІГІ

Әл-ауқат теңсіздігі – бұл әртүрлі адамдар мен әлеуметтік топтардың арасындағы активтердің бөлінуіндегі айырмашылықтан көрінеді. Байлық теңсіздігі адамдардың тапқан ақшасын бақылайтын табыс теңсіздігімен тығыз байланысты. Алайда

әл-ауқат теңсіздігі тек кірісті ғана емес, сонымен қатар банктік шоттардың, акциялар мен инвестициялардың, зергерлік бұйымдар, өнер және басқа да құндылықтар сияқты жеке мүліктің құнын қамтиды. Байлық теңсіздігі – көп елдердің әлеуметтік тұрғыдағы әділетсіздігінен хабар береді.

Байлық теңсіздігі ең жоғары елдердің рейтингісі бойынша Бразилия 52,9 пайыз, Колумбия 51,5 пайыз, Ангола 51,3 пайыз деңгейінде. Байлықтың бөлінуі жөнінде Словакия (23,2 пайыз), Словения (24 пайыз), Нидерланды (26 пайыз) өзге елдерге үлгі бола алады. Норвегия, Швеция, Даниядағы скандинавиялық модель бойынша ел байлығы бір қала шоғырлануға жол бермейді. Индекске Қырғызстан 29 пайызбен, Қазақстан 27,8 пайызбен бағаланыпты.

Африкада табыс теңсіздігі мемлекеттің экономикалық құрылымында жатыр. Яғни

сыбайлас жемқорлық жайлап, инвестиция тартуды тежеп, табысты салалар монополияланды. Еуропадағы ең бай 1 пайыз адамдар жалпы табыстың 12 пайызын, ал ең кедей 50 пайызы табыстың 22 пайызын алады. Мұны Оңтүстік Африкамен салыстырғанда 20/10 пайызды құрайды.

Байлық аз адамның қолына шоғырланған кезде қоғам үшін жағымсыз салдары артады. Джини коэффициенті – байлық теңсіздігін бағалаудың бір құралы. Бірақ табыстың орнына бұл жағдайда халықтың жеке топтары арасындағы байлықты (немесе актив құнының) біркелкі бөлудің ауытқу дәрежесі қолданылады. 2022 жылы Қазақстандағы әл-ауқаттың Джини коэффициенті шамамен 0,75 болды.

Жалпы, дүние жүзінде әл-ауқат теңсіздігі – табыс теңсіздігіне қарағанда өзекті мәселе. Байлық теңсіздігі – елдің тұрақтылығына әсер

ететін құбылыс. 2022 жылы Қазақстандағы ең бай 10 пайызы жалпы активтің 60 пайызына, ең жоғары 1 пайызы 30 пайызға иелік етті. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан Африка елдерімен шамамен бір деңгейде.

Әзірге әлеуметтік әділдік толық орнап біткен жоқ, нәтижесінде байлар байи түссе, кедейлер кедейленіп барады. Соңғы 20 жылда халықтың әлауқатының деңгейі төмендеді. Әл-ауқат индексі бойынша өңірлер арасында Солтүстік Қазақстан облысы көш бастысы, Атырау, Ақтөбе облысы мен Астана қаласында қалыпты жағдай тіркелді.

МҮМКІНДІКТЕР
ТЕҢСІЗДІГІ

1990 жылы пәкістандық Махбуб ул-Хак бастаған экономистер адам дамуының индексін ұсынды. Сол жылдан бері БҰҰ Даму бағдарламасы адам дамуы туралы

баяндама жариялап келеді. Адамдардың саяси үдерістерге қатысу мүмкіндігі, қауіпсіздігі мен құқығы қорғалуы, әлеуметтік әділдік принципі сақталуы, ұзақ өмір сүру деңгейі мен сапалы өмір салты, білім беру мен медицина саласындағы сервиздік қызметтің сапасы есепке алынады.

Теңсіздік мәселесін шешуде мемлекеттік басқару жүйесін өзгертуді талап етеді. Жалпы мүмкіндіктер теңсіздігін бағалаудың тәсілі көп. Halyk Finance аналитикалық орталығының мамандары аймақтық теңсіздікті, яғни адамның тұратын жеріне байланысты туындайтын теңсіздікті бағалауға басымдық беріпті.

2023 жылдың 2-тоқсанында Джини коэффициентінің ең жоғары мәні Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысында байқалып, оның деңгейі 0,3-тен асты. Олардан кейін Алматы мен Астана, сондай-ақ Қарағанды мен Абай облысы келеді.

Бұл ретте ең төменгі көрсеткіштер елдің батысында – Маңғыстау және Атырау облысында байқалды. Мұнай өндіруші өңірлердегі кіріс деңгейінің жоғары болуына байланысты болуы мүмкін. Ірі мегаполис – Шымкентте коэффициент төмен.

– Мүмкіндіктер теңсіздігін елдің әр өңірінде әркімкі бағалау керек-ақ. Солтүстік және шығыс өңірлерде кадр тапшылығына байланысты адамдар қалаған жұмысын тез тауып, мансаптық тұрғыда көтерілуіне мүмкіндігі көп. Ал оңтүстік өңірлерде керісінше, жұмысқа орналасу үшін таныс-тамыр мен қаржы керек. Онсыз екі қолға бір күрек табу қиын. Дегенмен, жұмыс істеп, қызметте карьералық өсемін дегендер Президенттік жастар кадр резервін пайдалануы әбден болады, – деді әлеуметтанушы Айнұр Анарбек.

Адамның барлығы тең және толық ерікті идеясын ұстанған коммунизм қоғамында жалпыға бірдей құндылықтар қалыптастырылса, капиталистік қоғамда епті, белсенді адамдар табысты болады. Сондықтан нарықтық қатынасты бағдар еткен елдерде мүмкіндіктер теңсіздігіне объективті баға беру қиын.

P.S: *Әлеуметтік дамудың түрлі деңгейі теңсіздіктің базасы саналады. Елдегі ажырасу, сушицд, халықтың банктерге жаппай қарыздану және тағы басқа жағымсыз құбылыстардың орын алуы теңсіздік теңдеуіне байланысты. Ендеше, жаңадан құрылған Үкімет ұлт байлығын тең бөліп, қоғамда орта тап өкілдерінің үлесін көбейтуге көңіл бөлгені дұрыс.*

Индира
БЕРЖАНОВА

Бас қаланың ғана емес, еліміздің өзге өңірлердегі волонтерлік ұйымдарының басын қосып, белсенділігімен көзге түскен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы 2014 жылы Астана қаласы әкімшілігінің бастамасымен қала жастарын қолдау және дамыту мақсатында құрылды. Орталықтың волонтерлік қозғалысты дамыту бөлімі сол уақыттан бері волонтерлік қызметті насихаттау, жастарды оқыту, оларды қаланың әлеуметтік өміріне тартумен айналысады, волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстарға әкімшілік және ресурстық көмек көрсетеді. Сондықтан еріктілер тұрақты негізде волонтерлік қызметтің әртүрлі бағытына қатысады. «Астана жастары» ЖРО базасында волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстарды шоғырландыруды ұйымдастыру, ақпараттық және ресурстық көмек көрсету, қалада

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕРІКТІ

Өз еркімен қоғамға пайдасын тигізуді көздейтін еріктілердің қатары жыл санап артып келеді. Әсіресе, бас қалада «Астана жастары» волонтерлік қозғалысы қарқынды дамып, бүгінде 6 мың белсенді волонтердің басын қосты. Биыл құрылғанына 10 жыл толып отырған аталмыш орталық белсенділері осы уақыт аралығында шын ниетімен өзгеге қол ұшын созып, төтенше жағдай кезінде де үнемі алдыңғы қатардан табылды.

іс-шараларды есепке алуды жүргізу мақсатында қалалық волонтерлер штабы 2020 жылдан бастап жұмыс істейді. Бүгінде елордада 50-ге жуық волонтерлік ұйым тіркелген. Тұрақты негізде 30 волонтерлік ұйыммен және 20 бастамашыл топпен, 4 ҰЕҰ-мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда кәсіпорындар мен қала меценаттарымен ынтымақтастық және бірлескен қызмет жүргізіледі. Штабта 6000-нан астам белсенді волонтер бар.

«Астана жастары» ресурстық орталығы волонтер қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Эльвира Есмұханованың сөзінше, орталық жыл сайын

волонтерлік бағыттарын кеңейтуде. «Өзім осы орталық ашылған күннен бастап жұмыс істеймін. Ақпан айында орталығымыздың құрылғанына 10 жыл толды. Сол уақыттан бастап біз елордадағы ауқымды іс-шараларға атсалысып келеміз. «Астана жастары» ЖРО қала бойынша волонтерлік қозғалысты жан-жақты бағыттан қамтуға баса назар аударады. Мысалы, бытыр «Қауіпсіз қала» жобасы шеңберінде тұрақты негізде волонтерлер халықты газдандыру туралы, жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы, шомылу маусымындағы мінез-құлық

ережелері туралы ақпараттандыру жұмысына тартылды, сол сияқты қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауға бағытталған «StopVandal» акциясын және жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы «Үздік» жобасын көпшілік арасында кеңінен насихаттады. «Қамқорлық мекенжайы» акциясы аясында жалғызбасты тұратын зейнеткерлерге үй шаруасымен көмектесіп, ауласын қардан тазартуға волонтерлер атсалысып келеді. Сондай-ақ біз қала тұрғындары мен қонақтарына аязды күндері бауырсақ пен ыстық шай таратуды ұмытпаймыз. Жақында біз жануарларға арналған баспаналарға

бардық, онда біздің волонтерлер жануарлармен серуендеп, аумақты тазалады. Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында еріктіліктің маңызын айтып, әлеуметтік белсенділікке жұмылдыру және эко-волонтерлік бағытын күшейту жоспарлануда» деді өз сөзінде Э.Есмұханова.

Одан бөлек, «Таза Alem» жобасы аясында волонтерлердің қатысуымен 45 эко-сенбілік ұйымдастырылды. Сонымен қатар, волонтерлер қалалық және халықаралық іс-шараларға да тартылады. Мәселен, 2023 жылы халықаралық және республика деңгейінде өткен 150 шараға атсалысты. «Игі істер марафоны» және «Қамқорлық мекенжайы» жобасы аясында «Астана жастары» волонтерлерімен 40 жалғызбасты зейнеткерлердің ауласы қардан және қоқыстан тазартылып, ретке келтірілді. Аталған акциялар тұрақты және жүйелі түрде өткізіледі. «Таза Alem» экологиялық жобасы да қарқынды жүзеге асып келеді. Бүгінде волонтерлер аталмыш акция аясында өзен жағасын, Ақбұлақтың сағаларын тазартты.

Еркін
ҚЫДЫР

ШИРЕК ҒАСЫР БҰРЫН

Елордаға «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясы көшіп келді.

«Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» деген тау бөктеріндегі әсем шаһарды тастап, аязы ұлыған Арқада-Ақмолада не бар, бұл идеядан түк шықпайды деп әлі де күмәні басым болып, ұшқары пікір айтып жүрген біраз әріптес, замандас ел газеті, қарашаңырақ басылым «Егемен Қазақстан» елордаға көш түзеген соң аузына құм құйылғандай әсерде қалды. Мемлекеттік органдар әлі толық Сарыарқа төсіне жайланып, жайғасып болмай жатып-ақ, әлі жасы қырыққа жетпеген Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаев бас газетті бас қалаға тезірек әкелу жолында табандылық танытты. Осы кезде газеттің бас редакторы Ержұман Смайыл болатын. Мен бірінші орынбасар ретінде министрдің арнайы тапсырмасымен жарты жыл бұрын Астанаға қоныс аударып, дайындық шараларын бастап кеткен болатынбыз. Ақмола облысының Целиноград ауданы әкімдігі өздері отырған екі қабатты ескі ғимаратты редакцияға босатып беріп, күрделі жөндеуді бастап кеткен едік. Қазақ Сарыарқа төсіне өлеміз деп емес өнеміз, өсіп, өркендейміз деп ұлы көшті бастады. Шүкір, ширек ғасыр ішінде Целиноград – Ақмола – Астанадағы қазақтардың үлесі 18 пайыздан 81 пайызға дейін өсіп, бұл шаһар ұлысымыздың ұйытқысына, еліміздің ордасына айналды. Елдің, халықтың сөзін айтатын ұлттық басылымның осыдан ширек ғасыр бұрын, дәлірек айтқанда, 1999 жылғы 20 ақпанда ел төріне келіп орна-



ласуы саяси және рухани мәні зор оқиға болып қала береді. Ақпанның аязы арқырап тұрған таңғы сәтте қала жұртшылығы вокзалдан Шерхан Мұртаза мен Ержұман Смайыл бастап келген «егемен қазақстандықтарды» жылы шыраймен қарсы алды. Халық ақыны Қонысбай Әбіл

арнау айтса, қаламгер Клара апай Әмірқызы шашу шашты». Астанаға тек «Егемен Қазақстан» ғана келген жоқ, онымен бірге Сәкеннің, Тұрардың, Смағұлдың, Ғабиттің рухы ере келді» деп гүрілдеді Шераға. Осы оқиғаны мен бүгінде еңбек ететін «Астана ақшамы» газеті бірінші бетінен бастап сүйіншілеп берген екен. Бас басылым көшін бас қалаға

ҚАЗАҚ САРЫАРҚА
ТӨСІНЕ ӨЛЕМІЗ
ДЕП ЕМЕС ӨНЕМІЗ,
ӨСІП, ӨРКЕН-
ДЕЙМІЗ ДЕП ҰЛЫ
КӨШТІ БАСТАДЫ.
ШҮКІР, ШИРЕК
ҒАСЫР ІШІНДЕ
ЦЕЛИНОГРАД – АҚ-
МОЛА – АСТАНА-
ДАҒЫ ҚАЗАҚТАР-
ДЫҢ ҮЛЕСІ 18
ПАЙЫЗДАН 81
ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН
ӨСІП, БҰЛ ШАҒАР
ҰЛЫСЫМЫЗДЫҢ
ҰЙЫТҚЫСЫНА,
ЕЛІМІЗДІҢ ОРДА-
СЫНА АЙНАЛДЫ

бастап келген Президент сыйлығының алғашқы лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержұман Смайыл 1999 жылдан дүниеден өткен 2018 жылға дейін тұрған «Самал» мөлтек ауданындағы үйіне ескерткіш тақта орнату жөніндегі шешімге қалалық арнайы комиссия мүшелерінің дәл осы аязды ақпан күндері қолдау білдіруі бір ерекше үйлесімнің нышанындай болып, ширек ғасыр бұрынғы оқиғаны есімізге түсіріп еді.

ЦИФРЛЫҚ ЗАМАНДА КІТАПХАНА ҚАЖЕТ ПЕ?

Цифрлық заманда кітапхана қажет пе? Қазір осы сұрақ жиі қойылады. Әрине, кітапхана қажет, себебі қай заманда болсын, қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кез келген кітапхана – даналықтың, үлкен мәдениеттің қоймасы. Кітап – біздің рухани жан азығымыз десек, кітапхана – білім мекені. Ендеше, бүгінгі дамыған заманда жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір кітапхана деп білеміз.



Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ, оқырманның талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші. Кітапхана – кітаптарды, журналдарды, газеттерді көпшілікке пайдалануды ұйымдастыратын мәдени-ағартушылық және ғылыми-көмекші сипаттағы мекеме. Кітапханалардың негізгі міндеттері – сақтау, жинақтау, насихаттау және оқырмандарға кітап беру.

Кітапхананың алдына қойған негізгі мақсаты – халықты қағаз жүзінде және электронды түрде ақпаратпен қамтамасыз ету. Бұл жұмыс кітапхана жұмысын жандандырады. Сондықтан кітапханалардың қоғам алдындағы қажеттілігі алда әлі арта түседі деп сеніммен айтуға болады.

Жүздеген томдарда өркениет жетістіктері туралы мәліметтер ғана емес, көптеген жазушылар ойлары мен еңбектері бар. Дамыған елдердің қай-қайсы болмасын кітапханаға зор көңіл бөліп отыр. Әлемдегі кітапханалардың заманауи ғимараттары да керемет.

«Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электрондық форматтың қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың білім беру рөлі ешқашан өз мәнін жоғалтпайды» деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітапхана туралы. Президентіміздің өзі кітапхананы қолдап отыр. Кітапхана

жастардың дамуына, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеуге жол ашады.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар қарыштап даму үстінде. Оқырмандар кітапханаға келмей-ақ ақпаратқа қол жеткізе алатын дәрежеге жетті. Осы орайда дәстүрлі кітапхананың қажеттілігі туралы қоғамда түрлі пікірлер айтылып жатады. Электронды кітаптар, жастарға да жасамыстарға да керек. Бірақ өзіміз – бала кезден кітапты басымызға жастанып оқып өскен ұрпақпыз. Сондықтан бізге дәстүрлі басылымдар қымбат. Жалпы, қазір оқимын деген адамға кітаптар жетерлік. Интернетте де өте көп. Қазіргі заманды «ақпараттық ғасыр» немесе компьютерлік технологиялар ғасыры деп айтады. Шынында да, бұл адам қызметінің барлық салаларында айқын көрінеді. Бұл үдерістен кітапхана жүйесі де сырт қалған жоқ.

Кітапханалар қазір оқырманға қызмет ету шекараларын кеңейтуде, балалар мен ересектерге арналған көптеген іс-шаралар өткізетін демалыс орталықтарына айналууда. Адамдардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту үшін кітапханаларда өте көп іс-шаралар өтіп тұрады. Мысалы, авторлармен кездесу, кітаптардың тұсаукесерін өткіземіз, мерейтойлар өтеді, атаулы күндерге кітап көрмелерін ұйымдастырамыз. Кітапханалар оқырмандарды шығармашылыққа баулиды,

жас кезінен бастап адамдарды кітапты сүйеге шақырады. Ақпараттық технологиялар пайда болған кезде де қағаз кітаптар өз мағынасын жоғалтқан жоқ, іргелі білімнің көзі болып қала береді. Сондықтан қазіргі қоғам өміріндегі кітапханалардың рөлі тек өсіп келеді.

Қазір кітапханалар өздерінің қорларын ашып қойған. Оқырман келіп, емін-еркін аралап, өзіне керекті кітапты алып оқи береді. Бұл жақсы үрдіске айналып келе жатыр. Оқырмандар қажетті тақырыптағы әдебиеттерді алып, пайдалана алады. Кітап бар жерде рухани өмір бар. Кітап – адамның рухани қазынасы. Ол солай болып қала береді. Оның орнын ешқандай технология баса алмайды.

Кітап әлемінен алыстаған ұрпақтың болашағы бұлдыр, келешегі күңгірт. Сондықтан жас өскінді кітапқа тебіреніспен қарайтындай етіп тәрбиелеуге қол жеткізу үшін тек қана мұғалімдер емес, ата-аналар, жалпы қоғам болып атсалысу керек. Ұлт болашағы – оқитын ұрпақ қолында.

Қазір Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мекемесіне қарасты 18 кітапхана бар. Өткен жылы 4 кітапханамыз күрделі жөндеуден өткен. Биыл тағы 4 кітапхана күрделі жөндеуден өтеді деп күтілуде және жаңа 4 кітапхана қосылып отыр. Кітапханамыз кеңеюде. Сондықтан оқырмандарды кітапханаға шақырамыз. Кітапханамыздың есігі әрбір білім іздеуші оқырманға ашық.

Сағадат ИМАНБЕКОВА,
Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпараттық-библиографиялық жұмыс қызметінің басшысы

Елордада тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою кезінде олардың құқықтарын қалпына келтіру өте маңызды мәселе болып отыр.

ЕСЕПКЕ ҚОЮДА ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ БҰЗЫЛСА...

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың әрекеттеріне және шешімдеріне байланысты шағымдарды қарау – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі.

Мәселен, биыл қаңтар айында аталған департаментке Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тартуы туралы шағым түсті.

Тексеру қорытындысында шағым иесінің дәлелдері расталып, оның бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Халықпен кері байланыс орнату, сондай-ақ азаматтардың құқығын, бостандығы мен мүддесін бұзуға жол бермеу мақсатында департамент «Onay Qyzmet Astana» өңірлік Telegram-арнасын ашты. Бұл мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында байланыс орнату ғана емес, сонымен қатар елорда азаматтарының проблемалық мәселелеріне жеддел ден қою құралына айналды.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығы бұзылған жағдайда азаматтар Сарыарқа даңғылы, 13 үй мекенжайында орналасқан аталған департамент көмегіне жазбаша түрде не болмаса «электронды үкімет» порталы, әлде барлық өтініштерді қабылдау мен өңдеудің бірыңғай «Е-өтініш» платформасы арқылы электронды түрде жүгіне алады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті



ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІ АУЛАУ ЖАЛҒАСУДА

Сарыарқа ауданы бойынша қоғамдық орындарда иесінің қарауынсыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулау жалғасуда. Қаңғыбас жануарларды аулау жұмыстары аулау қызметінің бекітілген кестесіне сәйкес іске асады.

Ауланған жануарлар уақытша ұстау пунктіне орналастырылып, биозарарсыздандырудан өткізіледі. Оған қоса құтыру ауруына қарсы вакцинация, чип енгізу шаралары жүргізіледі.

Қазіргі таңда Сарыарқа ауданы аппараты «Астана Вет-сервис» ШЖҚ КМК және аудандық Полиция басқармасымен бірігіп, үй жануарларының иелерімен профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Себебі

ит-мысықтар сыртқа қараусыз шығып кетіп, адамдарға қауіп төндірген жағдайда әкімшілік-құқық бұзушылық кодексінің 407-бабы бойынша жануар иесіне айыппұл салынады. Осы орайда аудан әкімшілігі тұрғындардан өз жануарларын қараусыз қалдырмауды сұрайды.

Қаңғыбас жануарларды аулауды жылдамдату үшін 28-59 немесе 8-700-724-82-21 нөмірлері бойынша тікелей қоңырау шалуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2024 жылғы 12 наурызда, сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша мынадай мақсаттағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) Тапсырыс беруші «Qazaq Stroy Astana» ЖШС, Алматы ауданы, № 23-16, 23-17 (жобалық атаулар) көшелерінің және А.Байтұрсынұлы және Ж.Нәжімеденов көшелерінің алаңында орналасқан, кіріктірілген үй-жайлары, паркінгі және әлеуметтік-мәдени объектілері бар көпөтпелі тұрғын үй кешені объектісінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын 7,14-қабаттан 9, 20-қабатқа дейін түзету;

2) Тапсырыс беруші «Haileybury Astana School» КЕАҚ тарапынан Алматы ауданы, Иван Панфилов көшесі, 4 мекенжайы бойынша орналасқан саябақ аумағында «Haileybury Astana School» мектебінің негізгі ғимаратына жапсарлас салынған қайта құру жобасын іске асыру мақсатында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу.

Дәлелді пікірлер мен ұсыныстарды қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей p.seitzhpararov@astana.kz электрондық поштасына немесе Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24-үй мекенжайы орналасқан арнайы жәшік арқылы жіберуге болады.

«АСАУҒА ТҰСАУ»: АЙМАНОВТАН АХМЕТОВКЕ ДЕЙІН

Кезінде қазақ сахнасына жол тартқан әлемдік классикадан көрерменге ұлтымыздың төл туындысындай әсер ететін қойылымдар бар. Солардың бірі де, бірегейі де – Уильям Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов қазақшалаған аталмыш туынды алғаш рет қарашаңырақ Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрында (қазіргі М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры) 1943 жылы сахналанды. Содан бері еліміздің талай театрларында қойылды. Астананың «Жастар» театрында осыдан 10 жыл бұрын премьерасы өтті. Спектакль осы жылдар бойы аталған өнер ошағы репертуарынан түспей келе жатыр. 28 ақпан күні премьераның 10 жылдығы аясында кезекті мәрте ұсынылмақ.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

«Асауға тұсаудың» қазақ сахнасындағы 80 жылдан астам тарихында спектакльде актерлердің бірнеше буыны бейнелерді сомдады. Соның ішінде Петручионы сомдаған, Шәкен Айманов пен Катаринаны кескіндеген Хадиша Бөкееваның есімдері ерек аталады.

«Шәкен сомдаған Петручио рөлі өнердің үлкен жаңалығы болды. Актер бойындағы музыкалық, пластикалық қасиет, интонация байлығы «Асауға тұсаудың» ажарын ашып, бәсін биіктеткен табысты ізденіс екені даусыз. Әсіресе Катарина рөлін ойнаған КСРО халық әртісі Хадиша Бөкеева екеуінің теңдессіз тандемі күні бүгінге дейін театр тарландары үшін тамаша тәжірибе мектебі десек, қателеспейміз. Тіпті кезінде «Асауға тұсау» комедиясы Одақ бойынша үздік деп танылып, Шекспирдің мерейтойында тамаша тандем осы спектакльмен Лондонға барып өнер көрсетіп қайтты» деп жазады театртанушы Назерке Жұмабай.

Жалпы әу басында спектакльде кейіпкерлерді сомдаған актерлерден тамаша актерлік ансамбль құралған еді. Шәкен Айманов пен Хадиша Бөкеевамен қатар Қалибек Қуанышбаев (Баптиста), Елубай Өмірзақов (Гремио), Мүлік Сүртібаев (Слай) бұл



қойылымды биікке көтеріп кетті. Қалибек Қуанышбаевтан «Асауға тұсауды» аударма деуге аузың бармайды» деген сөз де қалған.

«Бір жолы қазақ өнерінің аңызы, ұлы Шәкен Айманов, Шәкен аға мен Хадиша Бөкеевадан «Асауға тұсаудағы» Катарина мен Петручио жұлдызды рөлдері туралы сұрадым. Сонда Хадиша апа «Біз ойнаған жоқпыз, бір өмір сүрдік» деді ерекше бір жылы дауыспен.

Екеуі шынында да ғажайып партнер еді. Шәкен аға шыққанда сахна толып кететін, ерекше бір әсерге бөленесіз, ерекше бір аура пайда болады. Балықшы ауы ма, әлденені сүйреткен Петручио – Айманов жалғанды жалпағынан басып келе жатқандай. Залда овация. Әрбір эпизодта ішек-сілеңді қатырады. Шәкен ағаның әзіл-қалжыңы керемет еді» деп еске алған еді бір сұхбатында белгілі актриса, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері Ғайникамал Байқошқарова.

Шәкен Айманов пен Хадиша Бөкеевадан кейін Петручио мен Катаринаны Ыдырыс Ноғайбаев пен Фарида Шәріпова сомдады. 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде бұл спектакль аса жоғары бағаланды.

Ал «Жастар» театрында «Асауға тұсауды» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бекболат Құрманғожаев және Дәурен Серғазин үштігі сахналады. Мұнда кейіпкерлерді сомдауға жұлдызды құрам тартылды. Атап айтқанда, Петручионы Әділ Ахметов, Катаринаны Айнұр Рахипова, Гремионы Бақыт Хаджибаев, Люченционы Дәурен Серғазин ойнайды. 10 жыл ішінде «Жастар» театры осы спектакльмен көптеген театр фестивалдерінде топ жарды. Соның ішінде Сәбира Майқанованың 100 жылдығына арналған XXII республикалық драма театрлар фестивалінде (Қызылорда, 2014 жыл) гран-приді иеленді. Қазақтың тұңғыш театр режиссері Жұмат Шаниннің 125 жылдығына арналған Түркі әлемі театрларының «Театр көктемі – 2017» халықаралық фестивалінде (Түркістан, Шымкент, 2017 жыл) бас жүлдемен қатар «Үздік әйел бейнесі» аталымында Айнұр Рахипова мен «Қойылымдағы ұтымды бейне» номинациясында Әділ Ахметов топ жарды. Қойылым VI халықаралық «ART-ORDO» театр фестивалі (Бішкек, 2017) «Үздік режиссер» аталымын алды. Ал ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «ТеатрALL-2021» халықаралық театр фестивалінде (Астана, 2021) тағы гран-при жүлдесімен актер Жандәулет Бағай «Үздік эпизодтық ер адам бейнесі» аталымын иеленді.

ШЕКАРАСЫЗ ӨНЕР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрі «Viva musica» циклінен «Жусан және сакура» концертін ұсынды. Музыкалық кеш өнерде шекара болмайтынын тағы дәлелдеді.

Оркестр дирижері Арман Жайымның жетекшілігімен өткен кеште Нұрғиса Тілендиевтің «Абай табиғаты» мен «Алтын дән» шығармалары, қазақтың халық әні «Дайдидау» және жапон халық әні «Сакура, сакура» орындалды. Сондай-ақ көрермендер Людвиг ван Бетховеннің шығармалары – «Кориолан увертюрасын» және «Бесінші симфонияның»

төртінші бөлімін тыңдады. Арман Жайымның «Тайшық ханның биі» туындысы ұсынылды.

Музыкалық кештің арнайы қонағы, дирижер Хироаки Уэба (Жапония) өнер бакалавры дәрежесіне ие. АҚШ пен Италияда музыкалық білім алған ол – қазір Жапонияның Сендай қаласындағы музыкалық оркестрдің жетекшісі.



ҚАРАМАЙ АЯЗҒА, БОРАНҒА...

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Триатлон жарысы төртінші рет өтті. Биылғы жарыстың бір ерекшелігі – эстафета бойынша жеңімпаздар анықталды. Алғашқы жарысқа 50-дей ғана спортшы қатысса, биыл 200-ге жуық спортшы бақ сынады. Астаналықтардан бөлек, Қарағанды мен Көкшетау қаласынан арнайы келгендер болды. Келесі жылы балаларға арналған сайыс түрін қосамыз, – деді Астана қаласы Триатлон федерациясының президенті Евгений Болъгерт.

– Ауа райы -25 градустан асып тұрса да, жарысқа қатысушылар жігер таныта білді. Шаңғы спортынан ұлттық

құраманың мүшесі болсам да, дәл осындай триатлонға бірінші рет қатыстым, – деді Щучинсктен арнайы келген Святослав Матасов.

Биыл триатлон бойынша алғашқы өткен жарыста Александр Беспалов, Дмитрий Адамович және Ерлан Тайтілеуов үздік нәтиже көрсетті. Жыл соңына дейін 10-нан аса турнир өтіп, ұпай саны бойынша жеңімпаздар белгілі болады. Жарыс соңында әр жас тобындағы триатлон жеңімпаздары марапатталып, ақшалай сыйақы берілді.

Кезекті триатлон бәсекесі наурыз айының ортасында жабық кешендегі спорт сарайында өтеді.



ТОЛҚЫННЫҢ ТАМЫЛЖЫҒАН ӘНДЕРІ

Елордада Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының концерт залында республикалық байқаулардың лауреаты Толқын Нұртасқызы «Алтын бесік – туған жер» атты шығармашылық кешін өткізді. Концертте «Қорқыт» этно ансамблі, «Наз» би театры, «ALEM» заманауи би балеті, эстрадалық вокал, халық ән бөлімдерінің әншілері өнер көрсетті.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Қазақ өнері аспанында ұлттық аспаптарымен таңғажайып музыкасымен танылып жүрген «Қорқыт» этно ансамблі жеке орындауда, белгілі әншілермен бірге халқымыздың жыр-жауһарын ұсынды.

Толқын Нұртасқызы – Көкше өңірі, Уәлиханов ауданы, Сарыадыр ауылында дүниеге келді. 1995 жылы мектеп бітірген соң Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мәдениет және өнер факультетінде оқыған. Ән жазуды университет қабырғасында оқып жүргенде бастады. Содан бері өнер жолында біраз жетістіктерге жетті. Қазақтың белгілі ақындары Ф.Оңғарсынова, С.Тұрғынбекұлы, М.Айтқожа,

Н.Оразалин, М.Бектемірова, С.Рахымбек, Қ.Жүнісов, Е.Тіленбердімен тығыз шығармашылық байланыста көптеген әндер жазды. Бұл күнде Толқынның көптеген әндері халық жүрегінен жол тауып, ыстық ықыласына бөленді. Еңбек жолында жас өнерпаздарды өнерге баулып, көркемдік жетекші, Қазақ радиосында музыкалық аға редактор болды.

Кеште Толқын Нұртасқызының төл туындылары орындалып, әндері шырқалды. Интерпритацияларынан тұратын концертте композитордың «Балдаурен», «Әже әлдиі», «Алтын бесік – туған жер», «Ностальгия», «Өмір нұры», «Сарыадыр», «Атамекенім Қазақстан» әндері орындалды.



Әнші, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері Светлана Айтбаеваның орындауында алғаш орындалған ән Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Пай-пай, өмір!» жүректерге жетсе, әнші Айжан Керімқұлованың орындауындағы «Отан» әні, Айдын Жұмабайдың орындауындағы сөзін Смағұл Рахымбеков жазған «Шағала арман» әнін көрермендер зор ықыласпен қабылдады. Халықаралық байқаулардың жеңімпазы Арайлым Боярина орындаған «Қазақстан» әнімен концерттік кеш қорытындыланды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №21
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

☎ Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

✉ aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА